БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz oral_oniri@inbox.ru

www.facebook.com/zhaikpress twitter.com/zhaikpress www.instagram.com/zhaikpress

JAIYQ PRESS

ORAL ÓŃIRI

№28(21525)
Жұма,
3 сәуір 2026 жыл

ЭКОНОМИКА

КООПЕРАТИВТЕР АРҚЫЛЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЕСИЕЛЕУ БАСТАЛАДЫ

5-БЕТ

КӘСІБИ МЕЙРАМ

«ГЕОЛОГИЯ – ҚАЙСАР МІНЕЗДІЛЕРДІҢ ТАҢДАУЫ»

10-11-БЕТ

Сәуір айының алғашқы жексенбісінде атап өтілетін Геологтар күні қарсаңында өңір геологиясында өзіндік із қалдырған Әбілқасым Батыровтың еңбек жолына назар аудару орынды.

БАСТЫ БАЙЛЫҚ

ӘЛЕМІ БӨЛЕК БАЛАЛАР НЕМЕСЕ АУТИЗМ АЛАҢДАТАДЫ

12-13-БЕТ

Аутизм – әлем бойынша әлі толық зерттелмеген дерт.

АРҒЫМАҚ АҚПАРАТТАР

«Барселона» құрамында

Орал қаласының тумасы, 15 жастағы дарынды футболшы Кәрім Меңдіханов әлемге әйгілі «Барселона» футбол клубымен келісімшартқа қол қойды. Бұл – қазақ футболы үшін үлкен жетістік.

Кәрім футболдағы алғашқы қадамын Оралдағы «Спартак юниор» мектебінде бастаған. Оның алғашқы бапкері Дәурен Ихсанов жас дарынның қабілетін ерте байқап, дамуына зор үлес қосты. Алты жасынан бастап доп тепкен ол Түркия, Ресей және Қазақстанда өткен халықаралық турнирлерде өзін үздік ойыншылардың бірі ретінде көрсетті.

2020 жылы Кәрім Астанаға көшіп, жаттығуын жалғастырды. Дегенмен жаз айларында туған жеріне оралып, алғашқы мектебінде шеберлігін шыңдап отырған.

Жас футболшы Испаниядағы кәсіби жолын Levante UD клубынан бастап, кейін RCD Espanyol сапында да өнер көрсетті. Ал өткен маусымда Каталония легіндегі (лигасындағы) «Серданьола» клубында ойнады.

Бұл келісімшарт Кәрімді «Барселона» жейдесін киген алғашқы қазақ футболшыларының бірі етуі мүмкін. Оның жетістігі – тек жеке жеңіс емес, сонымен қатар қазақстандық футболдың дамуына серпін беретін маңызды оқиға.

«Antalya Cup» алтыны

Түркияның Анталия қаласында өткен муайтайдан халықаралық «Antalya Cup» турнирінде 25 елдің спортшылары бақ сынады. Байрақты бәсекеде Қазақстан құрамасы сапында Батыс Қазақстан облысының төрт спортшысы өнер көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша өңір спортшылары жоғары нәтижеге қол жеткізді. Атап айтқанда, 14-15 жас аралығында 40 келі салмақта Сердар Кенжалиев алтын жүлдені жеңіп алды. Сондай-ақ 12-13 жас аралығындағылар бойынша 32 келіде Руслан Раймқұлов қарсыластарынан басым түсіп, шемпион атанды. Ал 14-15 жас аралығында 42 келіде сынға түскен Азиз Құспанғалиев күміс жүлдеге ие болды.

Халықаралық додада көрсетілген бұл нәтиже – өңірдегі спорт мектебінің жүйелі жұмысы мен жас спортшылардың тыңғылықты дайындығының жемісі. Мамандардың айтуынша, батысқазақстандық муайтайшылар алдағы уақытта да ел намысын абыроймен қорғауға әлеуеті жеткілікті.

Еңбегі еселі, өмірі өнегелі

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев Жәнібек ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына айтулы үлес қосқан ардагер, М. Ықсанов атындағы қоғамдық қор төрағасы Асқар Атаевты қабылдап, мерейлі 90 жасымен құттықтады.

Кездесу барысында өңір басшысы саналы ғұмырын ел мүддесіне арнаған Асқар Қабдолұлының ғибратты еңбек жолына ерекше тоқталды. Әкім ақсақалдың Жәнібек ауданының өркендеуіне қосқан елеулі үлесі мен мемлекеттік қызметтегі қажырлы қызметін жоғары бағалап, облыс халқының атынан алғыс айтты.

– Сіздің өмір жолыңыз кейінгі толқын үшін нағыз отансүйгіштіктің үлгісі. Түрлі жауапты қызметтерде жүріп, туған өлкенің әлеуетін көтеруге, қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға атсалыстыңыз. Бүгінгі тоқсанның төбесіне шыққан белесіңіз мағыналы өмірдің көрінісі, – деді Нариман Төреғалиұлы.

Өңір басшысы мерейтой иесіне зор денсаулық, айналасына амандық тілеп, қазақы дәстүрмен иығына шапан жауып, құттықтаухатын табыс етті.

Асқар Қабдолұлы Жәнібек аудандық спорт комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Оның қажырлы еңбегі ескеріліп, Жәнібек ауданының құрметті азаматы атағы берілді.

Өз кезегінде ақсақал облыс басшылығының көрсеткен ілтипатына ризашылығын білдіріп, өңірдегі оң өзгерістерге тоқталды.

– Облыс орталығы мен аудандарда атқарылып жатқан жұмыстар көз алдымызда. Әсіресе, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған коммуналдық саланы жаңарту ісі көңіл қуантады. Жалпы, облыстағы игі істерге жұртшылық дән риза, – деді Асқар ақсақал.

Қабылдау соңында ардагер облыс әкіміне өзінің «Тоқсан жылдың түйіні» атты кітабын тарту етті.

Жол картасы – кеңес назарында

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының жанындағы білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі облыстық кеңестің кезекті отырысы өтті. Іс-шараға кеңес төрағасы Әліби Баяхов және кеңес мүшелері қатысты.

Жиында өңір үшін маңызды бірқатар мәселе талқыланды. Атап айтқанда, 2025 жылғы медициналық көмек сапасының негізгі индикаторларының бірі ретінде азаматтардың өтініштері мен шағымдарын талдау мәселесіне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар бейімделген мектептер санын оңтайландыру арқылы білім беру сапасын арттыру тәсілдері талқыланды.

Жиында Орал қаласының Зашаған кентінде жаңа емхана салу жобасының жүзеге асырылу барысы да сөз болды. Өңірдің медициналық ұйымдарын заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, мәдениет нысандарын күрделі жөндеу мәселелері де қамтылды. Бұдан бөлек, облыстағы жеке білім беру ұйымдарының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары сараланды.

Отырыс барысында «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған жол картасының орындалу барысы талқыланып, 2026 жылға жоспарланған жобалардың жүзеге асырылу деңгейіне баса мән берілді. Сала басшылары мен жауапты тұлғалар атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріп, алдағы кезеңге арналған жоспарларын ұсынды.

Кеңес мүшелері тарапынан нақты ұсыныстар мен ескертулер айтылып, түйткілдер төңірегінде пікір алмасты. Кеңес төрағасы өз сөзінде халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыру, инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік маңызы бар жобалардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету басты назарда болуы тиіс екенін атап өтті.

Жиын қорытындысында жауапты мемлекеттік құрылымдардың есептері қаперге алынып, 2026 жылға арналған жол картасының тармақтарын сапалы әрі мерзімінде орындау тапсырылды. Сондай-ақ жеке білім беру ұйымдарының қызметімен танысу мақсатында арнайы жұмыс кестесін әзірлеу ұсынылды. Мемлекеттік құрылымдар мен партия жанындағы кеңестердің өзара іс-қимылын күшейту қажеттігі де айтылды.

Материалдарды дайындаған Түгелбай КЕНЖЕҒАЛИҰЛЫ, «Орал өңірі»

Қысқа-нұсқа

ОРАЛ

Зашаған кентінде жол инфрақұрылымын жақсарту және қала көшелерін ретке келтіру жалғасуда. Мердігер мекеме Жәңгір хан көшесіндегі жолдың ойқы-шойқы жерлерін жөндеп, жамап-жасқауда. Көшенің жарықтандыру жүйелеріне қызмет көрсететін мердігер «Нұртем» ЖШС осы көше бойындағы мырышталған жарықшам бағаналарын жуып, тазартуды бастады. Осындай жұмыстар кезең-кезеңімен қаланың басқа көшелерінде де жалғасады.

АҚЖАЙЫҚ

Аудан әкімі Мұрат Сердалин аудандық мекеме басшыларымен бірге Ақсуат және Ақжол ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесті. Іс-шарада ауылдық округ әкімдері 2025 жылы атқарылған жұмыс пен алдағы жоспар туралы есеп берді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндаған аудан басшысы негізгі көрсеткіштерге тоқталып, алдағы міндеттерді айқындады. Кездесуден кейін аудан әкімі тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Тұрғындар жұмысқа орналасу, дәрігерлердің тапшылығы, учаскелік инспектордың қажеттілігі секілді мәселелер көтерді.

БӘЙТЕРЕК

Аудан орталығындағы мәдениет үйінде 9-11-сынып оқушыларымен әскери-патриоттық бағыттағы кездесу өтті. Оған БҚО қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бөлім бастығы, майор Ибрагим Саид, №99250 әскери бөлімнің аумақтық қорғаныс батальонының сержанты Асылбек Түгелов, Бәйтерек және Тасқала ауданы қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің жұмылдыру бөлімшесінің бастығы, майор Нұртай Мағазов қатысты. Олар әскери қызметтің маңызды, Отан алдындағы борышты өтеу, әскери мамандықтардың ерекшеліктері туралы әңгіме өрбітті.

БӨРЛІ

Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында IV республикалық «Шәкәрім оқулары» байқауының облыстық кезеңі қорытындыланды. Байқау ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен «Adai – as» компаниясының қолдауымен өтті. Оған Теректі, Бәйтерек, Қаратөбе, Жаңақала және Бөрлі аудандарынан 5-8-сынып оқушылары қатысып, барлығы 9 үміткер бақ сынады. Нәтижесінде Бөрлі ауданынан қатысқан Медина Базарбай III орын иеленіп, дипломмен марапатталды.

ЖАҢАҚАЛА

Аудан орталығында ауыл әкімі Абат Ишанов төтенше жағдайлар қызметі, полиция және құрылыс саласының мамандарымен бірге, бірнеше кәсіпкерлік нысанды аралады. Нысан иелеріне айналаны таза ұстау, күл-қоқысты дер кезінде шығару және санитарлық талаптарды сақтау жөнінде айтылды. Ауыл тұрғындарына аулалары мен оған іргелес аумақтарды қоқыстан тазарту қажеттігі ескертілді. Тазалықты сақтамағандарға заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылып, айыппұл салынатыны да ескертілді.

Инженерлік желілерді ЖАҢҒЫРТУ ҚАРҚЫН АЛДЫ

ҚР Премьер-министрдің кеңесшісі Ермек Маржықпаев жұмыс сапарымен өңірімізге келіп, бірқатар инфрақұрылымдық нысандарды аралады.

Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»

Алдымен облыс әкімі Нариман Төреғалиев Ермек Боранбайұлына жөндеу жүргізіліп жатқан кәріз сорғы, күшейткіш сорғы стансаларының жұмысымен таныстырды.

2025 жылы Қазақстанда Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба басталды. Осы ұлттық жобаның негізінде өңірдегі энергетикалық жылу, кәріз, су жүйелерін реконструкциялауға 21 млрд теңге бөлінеді деп жоспарланған. Былтыр аталған қаржының 30%-ы түсіп, толық игерілген. Қалған қаражат биылғы жылдың сәуір айында беріліп, жүйелерді реконструкциялау жұмысы жалғасын табады. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Бейімбет Мусин кәріз сорғы, күшейткіш сорғы стансаларының жөндеу жұмысы жөнінде айтып өтті.

– Қазіргі таңда республикалық және облыстық бюджет есебінен өңірдегі инженерлік желілерге ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде Орал қаласында 37 кәріз сорғы, 40 күшейткіш сорғы стансалары бар. Соның ішінде №18А кәріз сорғы стансасы техникалық ақауға байланысты жиі істен шығатын. 2024 жылы аталған стансаның техникалық әлеуетін жандандыруға 1,9 млрд теңге қаржы бөлініп, жөндеу басталды. Жөндеу жұмысы барысында станса ғимараты қалпына келтіріліп, онда бес сорғы құрылғысы орнатылды. Шаһардағы Ескі әуежай, Солтүстік-шығыс, 10 және 6-шағынаудандар секілді тұрғын көп шоғырланған аумақтардан шыққан сарқынды су осы кәріз сорғы стансасы арқылы өтеді. Орал қаласында тәулігіне 65 мың текше метр қалдық су шықса, оның 25 мың текше метрі №18А кәріз сорғы стансасы бойымен ағады. Қазіргі уақытта стансаны жөндеу жұмысы 95%-ға аяқталды. Көп ұзамай іске қосылады, – деді Б. Мусин.

№18А кәріз сорғы стансасының жөндеу жұмысын «Алматыинжстрой» АҚ жүргізуде. Мердігер компания өкілі Бақытжан Мұханбетжанов диаметрі бір метр болатын құбырларға арналған құдықтар салынып жатқанын айтады. Бүгінде жұмыстың дені тәмамдалып, механикалық жабдықтарды дәнекерлеу, электр және желдету жүйелері тартылуда.

«Батыс су арнасы» ЖШС директоры Әнуар Аркеновтің айтуынша, №18А кәріз сорғы стансасы 2023 жылы апатты деп танылып, сараптама жұмысы жүргізілді. Кәріз сорғы стансасын қайта жаңғырту және жаңарту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу туралы шешім қабылданған соң, 2024 жылы құрылыс-монтаж жұмысы басталды. Серіктестік директоры нысанды жөндеу жұмысы бір ай уақыт ішінде толық аяқталып, пайдалануға берілетінін тілге тиек етті.

– Бұрын бұл кәріз сорғы стансасына байланысты «Омега» айналма жолы маңында, сондай-ақ «Белое солнце» мейрамханасы жанындағы аумақты жиі су басатын. Бүгінде сол мәселелерді ескере отырып, станса қуаты екі есе күшейтілді. Станса іске қосылғаннан кейін сарқынды суларды үздіксіз айдаудың мүмкіндігі артады. Кәріз жүйесі арқылы келген сарқынды су тазартуға жіберіледі. Тазартуға арналған құрылғылар 1970 жылдары пайдалануға берілген. Тозығы жеткен бұл нысандар да күрделі жөндеуді қажет етеді. Жоспар бойынша барлық жұмысты 2029 жылға дейін аяқтау көзделіп отыр.

Тоқтар АМАНГЕЛДИЕВ

Соңғы үш жыл ішінде (2023 жылдан бастап) кәріз сорғы және көтергіш стансалардың бірқатары жөндеуден өтті. Осы күндерде негізгі стансаларды жаңарту жұмыстары аяқталуға таяу. Келесі кезеңде қуаты төмен, кіші сорғы стансаларын жөндеу жоспарланған. Сонымен қатар қалада тозған коллекторлар да бар, оларды жаңарту жұмыстары да қолға алынуда. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

Шаһардағы жеті сорғы станса негізгі жүктемені қамтиды. Қалғандары – жекеленген аудандарға қызмет көрсететін жергілікті стансалар. Оларда алдағы екі-үш жыл ішінде жөндеуден өтеді. Қазіргі таңда кәріз жүйесінің тозу деңгейі шамамен 60% болса, алдағы уақытта бұл көрсеткішті 50-55%-ға дейін төмендету жоспарланып отыр, – деді серіктестік басшысы Ә. Аркенов.

Одан кейін ҚР Премьер-министрдің кеңесшісі Ермек Маржықпаев КСС-1, КСС-29 (кәріз сорғы стансасы), көтергіш сорғы стансасы 20 нысанның жөндеу жұмыстарымен танысты. Кеңесші Ермек Маржықпаев жауапты мердігерлерге құрылыс жұмысын уақтылы әрі сапалы орындауды тапсырды. Содан соң «Батыс Қазақстан аймақтық электр желілік компаниясы» ЖШС қалалық электр торабының Зашаған кентіндегі жөндеу базасына барды. Аталмыш серіктестіктің бас инженері Асқар Ғайсин компанияның бірнеше жобасы туралы баяндады.

– Қазіргі таңда «Батыс Қазақстан аймақтық электр желілік компаниясы» ЖШС қарамағында 21 мың шақырымнан астам әуе желісі, 158 қосалқы станса бар. 2025 жылдың басында тозығы жеткен әуе желілері 78,86% болған еді. Қазіргі кезеңмен есептегенде бұл көрсеткіш 75,43%-ға жетті. Өңір басшысы Нариман Төреғалиевтің қолдауымен «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында бірнеше жоба іске асырылуда. Осының нәтижесінде Орал қаласында 168 шақырымды қамтитын әуе желілерін реконструкциялау жұмысы басталды. Оның 30%-ы өткен жылы тәмамдалып, биыл жөндеу және жаңарту жұмысы жалғасын тауып отыр.

Алдағы жоспар бойынша, жоғарыда атап өткен ұлттық жобаға жеті өтініш берілді. Ұсынылған жобалар қажетті сатылардан өтіп, мақұлданды. Қазір құрылыс-монтаждау жұмысын істейтін мердігер анықталуда. Жеті жоба толық іске асса, облысқа қарасты 12 аудандағы тозығы жеткен электр тораптары мен ондағы әлеуметтік нысандардың әуе желілері жөндеуден өтеді. Биыл жыл соңына дейін әуе желілерінің тозу деңгейін 66%-ға дейін түсіруге мүмкіндік болады. Компанияның 2025-2029 жылдар бойынша бекітілген жоспары бар. 168 млрд теңгеге 16 мың шақырым әуе желісін жөндеу жобасы тұр. Бекітілген жоспар бойынша 2025-2026 жылдарға қойылған жұмысты уақтылы орындап келеміз. Биыл жаз айының соңында келер 2027 жылда атқарылатын жобаларға тапсырыс береміз. Осы жобалар жүзеге асса, апаттық жағдайлар азайып, халықты электр жарығымен сенімді түрде қамтамасыз ете аламыз.

Жәнібек және Бөкей ордасы аудандары облыс орталығынан шалғай орналасқан. Осы себепті облыстан тартылған электр желісі жоқ. Қазір аталған қос аудан электр жарығын көршілес Ресей Федерациясынан алуда. Осы өзекті мәселені шешу мақсатында облыс әкімі Нариман Төреғалиев былтыр жауапты құрылымдарға тапсырма берді. Бүгінде жаңа стансаға күн сәулесінен 0,9 МБ қуат өндіретін панельдер орнатылып жатыр. 2026 жылдың соңына дейін бір жағынан газдан электр қуатын өндіретін гибрид станса іске қосылса, Жәнібек пен Бөкей ордасы аудандары электр тәуелділігінен толық арылады, – деді бас инженер.

Үкімет басшысының кеңесшісі Ермек Маржықпаев пен облыс әкімі Нариман Төреғалиев Бәйтерек ауданы аумағына барып, жерасты суларды жинағыш құрылғыларды қайта құру жұмыстарымен танысты. Айта кетелік, бұл жобаның жалпы құны – 12,4 млрд теңге. Аталған нысан 360 мың абонентті сумен қамтуға қауқарлы. Одан кейін «Жайықжылуқуат» АҚ-ның материалдық-техникалық қамтамасыз ету базасында болып, №6 жылу магистралін қайта жаңғыртуға арналған құбырларды көрді. Жылу жүйесіне пайдаланылатын бұл құбырдың диаметрі 800-1000 мм болса, қалыңдығы – 12 мм. Жоғары қысымға төтеп беретін беріктілігімен ерекшеленеді.

www.zhaikpress.kz

Ақ Жайық өңірі – өзен-көлге бай. Бірақ балық шаруашылығының дамуы әнебір ауыз толтырып айтарлықтай деңгейде емес. Саладағы ахуал мен даму бағыттары облыс әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетовтің төрағалығымен өткен жиында кеңінен талқыланды. Іс-шарада балық шаруашылығын дамыту жолдары, өзекті мәселелер мен оларды шешу тетіктері қарастырылды.

Балық шаруашылығы НЕГЕ өркендемейді?

Қазіргі кезде облыста жергілікті маңызы бар 176 балық шаруашылығы су айдыны тіркелген. Оның ішінде 57 су айдыны 42 табиғат пайдаланушыға бекітілген, ал қалған 119 су айдыны резервте тұр. Сонда су айдындарын жалпы бекіту деңгейі 32%-ды құрайды. 2021-2030 жылдарға арналған балық шаруашылығын дамыту бағдарламасына сәйкес 2030 жылға дейін тауарлы балық өсіру көлемін жылына 10 мың тоннаға дейін ұлғайту, аквакультура құру және су айдындарын бекіту арқылы жету жоспарлануда. 2025 жылға тауарлы балық өсіруді 1055 тонна көлеміне жеткізу жоспарланды. Алайда ондай көлемге жету әдірә қалып, 636 тонна тауарлы балық өсірілді. Ал биыл тауарлы балық өсіру көлемін 1 мың 767 тоннаға жеткізу межеленген. «Мәселе көрсеткіште, жоспарда емес, оның артында халықтың әл-ауқатын жақсарту, жұмыс көзі, табыс табу мәселелері тұр», – деген Қалияр Шадиярұлы су айдындарын пайдаланғысы келетіндерге су көздерін бекітуге сергек қарауды тапсырды.

СУ АЙДЫНДАРЫН ИГЕРУ БӘСЕҢ

Мамандардың айтуынша, жоспардың толық орындалмауына бірқатар себеп әсер еткен. Атап айтқанда, кейбір кәсіпорындардың өндірістік қуаты бастапқы жоспарға сәйкес келмеген, қаржылық қиындықтар салдарынан жекелеген жобалар іске аспаған. Сондай-ақ резервтегі су айдындарын бекіту бойынша конкурстардың уақытша тоқтатылуы кесірін тигізді. Соған қарамастан, жекелеген аудандарда оң нәтижелер байқалады. Мәселен, Бәйтерек ауданында жоспар 114%-ға орындалса, Казталов, Бөкей ордасы және Сырым аудандарында 100% көрсеткішке қол жеткізілген.

Аудандарда балық шаруашылығына қажетті су айдындарын игеру бәсең. Кей аудандарда көрсеткіш мүлдем төмен. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Дархан Закариннің айтуынша, Бөрлі, Тасқала, Қаратөбе, Жәнібек аудандарында бірде-бір су айдыны балық шаруашылығымен айналысуға (төмендегі сызбада) тіркелмеген. Оның өзіндік себептері бар, өйткені 2024-2025 жылдары бұл мәселе бойынша мораторий жарияланды. Биыл оның күші жойылды. Биыл 32 су тоғаны конкурсқа шығарылуда.

САЛҒЫРТ КӘСІПКЕР, ОРЫНДАЛМАҒАН МІНДЕТТЕМЕ...

Дархан Закариннің баяндауынша, былтыр жергілікті бюджеттен аквамәдениет өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, асыл тұқымды балық шаруашылығын дамытуды субсидиялауға 10,491 млн теңге бөлінді. Бүгінгі күні оның 9,347 млн теңгесі игерілді. Балық отырғызу материалдарын сатып алуға жұмсалған шығыстарды өтеу үшін 9,124 млн теңге сомасына төрт, биологиялық негіздеме сатып алуға жұмсалған шығындарды өтеу үшін 223 мың теңге сомасына екі шаруашылық субсидияланды. 2026 жылға жергілікті бюджеттен 26 млн 491 мың теңге бөлінді.

Мемлекеттің қолдауы болса да, кей кәсіпкерлер өз міндеттеріне «жүрдім-бардым» қарайды. БҚО бойынша балық инспекциясы басқармасының бас маманы Гүлсара Ермаханованың баяндауынша, балық шаруашылығының дамуына кедергі келтіретін бірқатар түйткіл бар. Соның бірі – шарттық міндеттемелердің орындалмауы.

– 2021 жылдан бері шарттағы міндеттемелерді жосықсыз орындағаны үшін балық шаруашылығын жүргізуге қатысты 11 келісімшарт бұзылды. Оның ішінде Бәйтерек, Теректі, Шыңғырлау аудандарының әрқайсысында үш шарттан, Бөрлі ауданы және Орал қаласында бір-бір шарттан бас тарттық. Өз ісіне салғырт қараған 7 субъектінің келісімшарттары ұзартылмады, – деді Гүлсара Ермаханова.

Кейбір су айдындары ұзақ уақыт бойы игерілмей, резервте қалуда. Осыған байланысты 2026 жылы балық шаруашылығы комитетінің тапсырмасы негізінде БҚО бойынша балық инспекциясы басқармасы балық шаруашылығы су айдындарын бекіту бойынша конкурс өткізу кестесін бекітті. Көл-тауарлы шаруашылық қызметін жүргізуге неғұрлым перспективалы 17 балық шаруашылығы су айдынын және кәсіпшілік, спорттық-әуесқойлық бағытта балық аулауды жүргізуге арналған 15 су айдынын бекіту жоспарланды.

БАЛЫҚ ӨСІРУГЕ ЖЕР АЛУ ҚИЫН

Өңірде тек өндірісті дамыту ғана емес, балық қорын сақтау жұмыстары да қатар жүргізілуде. Мәселен, 2026 жылы балықтардың жаппай қырылуына жол бермеу мақсатында 493 мыңнан астам ұңғыма бұрғыланып, 668 мұз ойығы жасалды. Бұл жұмыстарға 1500-ден астам адам жұмылдырылған. Сондай-ақ 2025 жылы су айдындарына 678 мыңнан астам балық шабақтары жіберілді.

Басқосуда облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы өкілдері, балық инспекциясы және басқа да жауапты мекемелер саладағы түйткілдерді көтеріп, оларды шешу жолдарын ұсынды. Жиында сөз алғандар балық өсіруге қажетті су учаскесін алудың қиындығын ортаға салды.

> «Маған конкурста су айдыны учаскесін аласыз деді. Жыл соңына дейін конкурс өтпеді. Содан жыл аяғында барсам, сіз сұраған учаске санитарлық белдеуге кіреді дегенді алға тартты. Суды қорғау белдеулері қағидасын қарағанымда, шағын өзендерге 500 метрге дейін жер берілмейді. Ал менің сұраған жерім өзеннен 720 метрдей қашықтықта жатыр. Осы жерде қай уақытта су болғанын ешкім білмейді», – деді Қаратөбе ауданының тұрғыны Руслан Әлжанов.

Бұл мәселеге қатысты аудан әкімі Қадыржан Сүйеуғалиев түсінік берді. «Осы мәселе бойынша тыңдалым өткіздік. Мәселені қарастырып отырмыз. Нақты жауабын береміз. Былтыр ол жер су қорғау аймағына еніп кеткен. Оны жекеге пайдалануға беру үшін облыс әкімдігінің қаулысына өзгеріс енгізу керек», – деді ол. Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының БҚО-дағы өкілі Қанат Өтеғалиев балық шаруашылығына су қорғау аймағы кедергі келтірмейтінін нақтылады. Аталған инспекция балық өсіруге келісім береді. «Өйткені жаңа Су ко-

Аудандар	Балық шаруашылығы су айдындарының саны	Бекітілген су айдындар	Бекітілмеген су айдындар	Пайыздық көрсеткіш
Бөкей ордасы ауданы	1	1	0	100%
Казталов ауданы	14	9	5	64%
Жаңақала ауданы	8	4	4	50%
Бәйтерек ауданы	44	16	28	36%
Шыңғырлау ауданы	9	2	7	22%
Ақжайық ауданы	21	10	11	47%
Теректі ауданы	37	13	24	35%
Орал қаласы	5	1	4	20%
Сырым ауданы	7	1	6	14%
Бөрлі ауданы	9	0	9	0%
Тасқала ауданы	16	0	16	0%
Қаратөбе ауданы	4	0	4	0%
Жәнібек ауданы	1	0	1	0%
Барлығы	**176**	**57**	**119**	**32%**

дексі бойынша балық шаруашылығымен айналысуға толықтай жағдай жасалған», – деді Қ. Өтеғалиев.

24 КЕЛІНІҢ ОРНЫНА 3,9 КЕЛІ БАЛЫҚ ТҰТЫНАМЫЗ

Жиында белгілі болғанындай, өңірде төрт кәсіпкер «Ауыл аманаты» бағдарламасымен балық өсіруді қолға алған. «Ақжайық» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы Ержан Досмақовтың айтуынша, бағдарлама бойынша несие алғандар балықты тор қоршама ішінде өсіреді. Алайда өңірімізде тор қоршама шаруашылықты дамытуға қолайлы емес. Өйткені ондағы судың тереңдігі 7 метрге дейін жету керек. Ондай тереңдіктегі су айдыны аз. Одан гөрі бассейндік жағдайда балық өсіру тиімді. Тоған шаруашылығы үшін жер бөлу мәселесі бар. «2024 жылы екі рет Түркістан облысына аудандардан делегациямен барып келдік. Оларда бассейндік шаруашылықтар қатты дамыған. Біз несие алуға келгендерге бассейндік шаруашылықты дамытуға кеңес берудеміз. Бірақ олардың ондай шаруашылыққа бет бұрғысы жоқ», – деді Ержан Досмақов.

Жалпы алғанда өңірімізде балық шаруашылығы саласы әлеуеті жоғары бағыттардың бірі болып отыр. Мемлекеттік бағдарламалар аясында нақты жоспарлар белгіленіп, инфрақұрылым дамуда. Дегенмен саланың толыққанды дамуы үшін инвестиция тарту, кәсіпкерлердің жауапкершілігін арттыру және резервтегі су айдындарын тиімді пайдалану мәселелеріне ерекше назар аудару қажет.

Балықтың адам ағзасына пайдасы мол. Ол жүрек-қан тамыры жүйесін нығайтып, ми жұмысын жақсартады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынымына сүйенсек, әр адам 24 келі балық өнімін тұтынуы тиіс. «Әлемдегі 200 мемлекеттің ішінде Қазақстан балық тұтыну көрсеткіші бойынша 180-орында тұр. Қазір бір адам жылына орта есеппен 3,9 келі балық жейді. Қабылданған 2021-2030 жылға дейінгі бағдарлама аясында осы көрсеткішті 12 келіге жеткізуіміз керек. Мұның өзі нормативке жетпейді. Сондықтан бар айдындарды игеру – басты мақсатымыз», – деді Қалияр Айтмұханбетов жиынды қорытындылап.

Іс-шара соңында облыс әкімінің орынбасары тиісті сала басшылары мен аудан әкімдеріне балық шаруашылығын дамытуға, оның жолындағы әкімшілік кедергілерді жоюға тапсырмалар берді.

Жақында «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру мәселелеріне арналған кеңес өтті. Жиынды облыс әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов жүргізді. Кеңеске жобалық кеңсе мүшелері мен тиісті сала басшылары қатысты.

Кооперативтер арқылы мал шаруашылығын несиелеу басталады

Келелі кеңесте «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында етті бағыттағы мал шаруашылығын дамытуға шағын несие беру және тауарлы несие тетіктерін жетілдіру мәселелері талқыланды. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары атап өткендей, бағдарлама іске қосылғаннан бері өңірде ет өндірісі ішкі қажеттілікті толық қамтып отырғандықтан, бұл саланы несиелеу өзекті болмады. Өткен жылдың 17 желтоқсанында облыстық жобалық кеңсе отырысында бағдарлама негізінде шағын несиелеу және лизинг беру мәселесі қаралып, басым бағыттар бекітілді. Олар:

1. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту;
2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу және қайта өңдеу;
3. Сүтті бағыттағы мүйізді ірі қара шаруашылығы;
4. Өсімдік шаруашылығы;
5. Құс шаруашылығы;
6. Шағын кәсіпкерлікті дамыту;
7. Бал ара шаруашылығы;
8. Балық шаруашылығы;
9. Қой шаруашылығы (меринос тұқымды қойлар) және бордақылау;
10. Етті бағыттағы мүйізді ірі қара малын бордақылау (ауыл тұрғындары біріккен АШӨК арқылы).

«Басым бағыттардың 9, 10-тармақтарында ауыл тұрғындары біріккен кооперативтерге етті мүйізді ірі қара мен қойларды бордақылау үшін несие беру тетігі қолдау тапты. Енді бағдарламаны пайдаланып, етті бағыттағы мал шаруашылығын несиелеу басталады», – деді Қалияр Шадияруұлы.

Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Рүстем Зұлқашев өз баяндамасында 2023-2025 жылдары өңірге бөлінген 14,8 млрд теңгенің 10,7 млрд теңгесі игерілгенін, яғни 1461 шағын несие берілгенін атап өтті. Соның нәтижесінде 1884 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның ішінде 2025 жылы бөлінген 5,5 млрд теңгенің 1,7 млрд теңгесіне 144 несие рәсімделіп, 280 жұмыс орны құрылды.

Кешенді талдау нәтижелері өңірдің ауыл шаруашылығын, әсіресе, мал шаруашылығын дамытуға бейім екенін көрсетті. Осыған байланысты кооперативтер арқылы ірі қара мен қой шаруашылығын дамытуға ерекше назар аударылуда. Осыған байланысты кеңесте аудандарға нақты тапсырмалар жүктелді. Атап айтқанда, ет бағытындағы мал шаруашылығын несиелеу алгоритмін әзірлеу, кооперативтерге қойылатын талаптарды нақтылау және ауыл тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын күшейту міндеттелді. Оған қоса, бірқатар аудандарда кемінде 25 жеке шаруашылықты біріктіретін кооперативтерді қаржыландыру ұйымдастырылмақ.

ЖАҢА ЖОБА-ЖОСПАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қазіргі кезде елімізде мал шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданды. Соған орай облыста ауыл тұрғындарын кооперативтерге біріктіру арқылы етті бағыттағы мүйізді ірі қара және қой шаруашылығын бордақылауды несиелеуді жүзеге асыру қажет. Ауыл шаруашылығы басқармасы бағдарламаны тиімді пайдалану және нәтижелі жүзеге асыру бойынша облыстық жобалық кеңсеге жоба-жоспарын ұсынды. Онда өңірімізде етті мал шаруашылығына (МІҚ, ҰММ) бейімделген Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Казталов, Сырым және Қаратөбе аудандарында (кем дегенде, әрқайсысы 25 жеке қосалқы шаруашылықты қамтитын, жұмыс істеп тұрған 5 кооператив) қаржыландыру көзделген.

Басқа аудандар, яғни облыс орталығына жақын орналасқан Бөрлі, Бәйтерек, Тасқала, Теректі және Шыңғырлау аудандары сүтті мал шаруашылығына бейімделген. Сондықтан аталған аудандарға сүт өндірісін дамыту бойынша несие беріп, қала және өңір тұрғындарын сүт және сүт өнімдерімен қамтамасыз ету ұсынылды. Осы аудандарда ет бағыты бойынша мал шаруашылығымен айналысуға ниет білдірген тұрғындарға аудандық жобалық кеңсенің ұсынысы негізінде аудандарға арналған лимиттер көлемінің 50/50 пропорциясын (50%-ы – етті, 50%-ы – сүтті мал шаруашылығына бағытталады) сақтай отырып, қаржыландыру мүмкіндігі қарастырылады. Етті мал шаруашылығын дамыту, соның ішінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несиелеу арқылы кооперациялық тұрақты жүйе қалыптастыру жолдары назардан тыс қалмайды.

ЖЕКЕЛЕРДІ КООПЕРАЦИЯҒА ТАРТУ МАҢЫЗДЫ

Жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперацияға тарту, ол үшін кооперативке біріккен жеке тұрғындарды 10,8 млн теңге көлемінде асыл тұқымды немесе тауарлы ІҚМ аналық мал басын көбейту мақсатында несиелеу жоспарда бар.

Кооперативтер 34,6 млн теңгеге несиеленіп, оған асыл тұқымды аналық мал басын (МІҚ, ҰММ) алып, бордақылауға бұқашықтар/қошқарлар алуына жағдай жасалады. Жеке қосалқы шаруашылықтардан келген бұқашықтарды өсіріп, бордақылау алаңына өткізуі керек. Осы жерде кооператив және оның мүшелері мемлекеттік субсидияны (1 келісіне 300 теңге) ала отырып, өзара келісімге сәйкес бөліседі. Мал бордақылау алаңы бұқашықтарды/қошқарларды одан әрі бордақылап, қайта өңдеу кәсіпорнына өткізеді. Кооператив бағдарлама аясында 34,6 млн теңгеге лизинг ала отырып, техникамен және құрал-жабдықтармен қамтылады. 2,5%-дық лизинг – кооперативтің және оның мүшелерінің жеке жем-шөп базасын ұйымдастыруға үлкен көмек болып отыр. Кооператив лизингісінің 50%-ы субсидияланады. Қой шаруашылығы да осы жолмен несиеленеді. Ережеге сәйкес микрокредиттер мал шаруашылығы бағытына 40%-дан аспайтын көлемде, қайта өңдеу саласына 20%-дан кем емес мөлшерде жұмсалуы қадағалануы тиіс.

«ТАУАРЛЫ НЕСИЕ» НАСИХАТЫ ҮСТЕСІН

Жиында «Тауарлы несие» беру жұмысын жандандыру, тұрғындарға түсіндіру, әр ауданда ауылдық округтер санына қарай тауарлы несие беруді ұйымдастыру мәселесі қозғалды. «Биыл облыс бойынша 28 отбасыға 19,2 млн теңгеге 51 бас МІҚ және 1,5 млн теңгеге 10 бас ҰМҚ, 2,2 млн теңгеге 6 бас жылқы түрінде тауарлы несие берілген. Бұл бағытта Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Бәйтерек және Теректі аудандарында жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Өзге аудандарда қозғалыс бәсең. Бұл бағыттағы жұмыстың орындалуы ҚР Ауыл шаруашылығы мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің бақылауында. Аудандық ауыл шаруашылығы және жұмыспен қамту бөлімдері тауарлы несие алушылардың санаттарын (категорияларын) бақылауға алуы керек», – деді Рүстем Зұлқашев.

Жалпы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында несие алушылар және тауарлы несие алушылар жұмыс орындарын ашқан кезде жергілікті мансап орталықтары арқылы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру жағы назарда болуы керек. Жиында жергілікті жерлерде тауарлы несие беру жұмысын сапалы ұйымдастыру тапсырылды.

Кеңесті қорытындылаған Қалияр Айтмағамбетов берілген тапсырмалардың орындалуы бақылауда болатынын айтты. «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңірдің аграрлық әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды құрал ретінде өз тиімділігін көрсетіп отырғанын жеткізді.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА КООПЕРАТИВТЕРГЕ ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛ (КРС) ӨСІРУ СХЕМАСЫ:

Айқарма бет материалдарын дайындаған Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА, «Орал өңірі»

Торқалы тоқсаның

Асқар Атаев десе, есімізге бірден М. Ықсанов атындағы қоғамдық қор еске түседі. Ақсақал мемлекет қайраткерінің ерен еңбек жолын насихаттаудан жалыққан емес. Қапсағай денелі, қимылы шалт Асқар Қабдолұлының абыройбеделі зор, ат үстіндегі азаматтарға сөзі өтімді екенін білеміз. Соның арқасында Мұстақым Біләлұлындай көрнекті тұлға тағылымын кейінгі буынға үлгі етіп, санасына сіңіру үшін қорға да біраз қаражат тартты, жыл сайын игі іс-шаралар ұйымдастырып, тыным таппастан әр істің басы-қасында жүрді.

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,
«Орал өңірі»

Ардақты ақсақал, қоғам қайраткері Асқар Атаев осы айда торқалы тоқсанға табан тіреді. Әлі күнге тың, жүріс-тұрысы ширақ. Өмір жолындағы жарқын белестер жадында сайрап тұр. Кеңестік кезеңде партия қызметінде ысылған Асқар аға ескі көзқарастар мен тұжырымдардан ада. Тоқсаныншы жылдардың тоқырау кезеңінде Тәуелсіздік уығын нықтауға тәжірибетәмсілін аямағаны анық.

А. Атаев 1936 жылдың 1 сәуірінде Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық кеңесіне қарасты Көлтабан ауылында өмірге келген. Балалық шағы соғыс кезеңіндегі қиын-қыстау жылдарға тап болды. Бірақ «Болат қайнауда шыныгады, батыр майданда шыныгады» деген мәйегі бөлек мақал бар. Алма-кезек өмірдің ыстық-суығын қатар көріп, шарға ұстаған шымболаттай шамырқанып, шыныгып өсті.

«Бозбала дәурені соғыстан кейінгі қиын уақыттарға тап болған ағамыз колхоздың қиын жұмыстарын атқарып, тапқанын тең бөліп, ағайын-тума, жақын-жуықтарға жәрдем берген, жастайынан шыңдалған», – дейді ауылдас інісі Салауат Ғаббасұлы.

Әкесі Қабдол – қанқұйлы майдан даласында қолына қару ұстаған адам, екінші топ мүгедегі. Ел-жұртқа сыйлы болған Қабдол әкей Ворошилов (Көлтабан) колхозын басқарған. Еңбек майданындағы әке тәлімі еш кетпеді. Асқар Атаев Жәнібек қазақ орта мектебін тәмамдаған соң, 1955 жылдан бастап Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқыды. Содан кейін, яки 1957-1960 жылдары кеңестік әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтеді.

Кеңестік жүйеде әдетте жас маманды мансап жолында біртіндеп өсіреді. Зерек жас маманның бірі Асқар Атаев аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы болып еңбек жолын бастады. Екі жылдан кейін Жәнібек аудандық атқару комитетіне қарасты дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы болып тағайындалды. Осыдан-ақ Асқар ағаның спортқа да бейім болғанын аңғаруға болады. «Бала күннен жеңіл атлетикаға үйір едім» деп еске алады бүгіндері кейіпкеріміз. Жүгіруден алдына қара салмапты. Ерте жастан еңбекке араласқан, қолды-аяққа тұрмайтын қағілез баланың қозы-лақ бағып, бұзау қайырып жүріп, желаяқ болуы, содан тарамыстай таралып өскені өмір соқпағында өзге де белестердің бағындыруына сеп болса керек.

...Жас азамат ізденуден жалыққан емес. 1964 жылы Орал ауыл шаруашылығы техникумын агроном мамандығы бойынша тәмамдайды. Содан соң бір жыл бойы Жәнібек аудандық өсімдіктерді қорғау станциясында аға агроном болып қызмет істейді. 1965-1969 жылдары Жәнібек аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы қызметін атқарды.

Кеңестік кезеңде идеология жұмысын жүргізу – сол кездегі саясаттың өзегі болды десек, артық айтқанымыз емес. Жалпы Асқар Қабдолұлы – саяси таным-түйсігін, қарым-қабілетін тәжірибе жүзінде байытқан іскер маман. 1971 жылы Қазақстан коммунистік партиясы орталық комитетінің жанындағы жоғары партия мектебінде оқып, білім-білігін жетілдірген.

Өмірбаяндық дерегіне үңілсек, Асқар Қабдолұлының қай іске де бейім болғанын байқаймыз. Аттай он жыл бойы аудан орталығының іргесіндегі ауылды гүлдендіруге бар күш-қайратын жұмсапты. Атап айтсақ, 1969 жылдың қазан айынан 1978 жылдың тамыз айына дейін «Ұзынкөл» кеңшары партия комитетінің хатшысы болып абыройлы қызмет атқарды.

«Мен ес білгелі ауданда «Ұзынкөл» совхозы жаңылмасам, 1965 жылы құрылғанда ағамыз осы шаруашылықта партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды. Марқұм әкеміз еске алып айтып отырушы еді: Асқар Атаев маман таңдау, жұртты ортақ жұмысқа жұмылдыру, тағылымды іс-шаралар ұйымдастыру, шаруашылық көрсеткіштерін жақсарту бағытында іскерлік қабілетін танытты. Сол жылдары «Ұзынкөл» совхозы республикада мал шаруашылығы өркендеген шаруашылықтың бірі болды. Іскер маман әрқашан сұранысқа ие, көп ұзамай Асқар ағамызды аудандық партия комитетіне қызметке алды», – деп еске алады Салауат Ғаббасұлы.

Осылайша Асқар Қабдолұлының мансап жолында өрлеу жылдары басталды. 1980-1985 жылдары аудандық партия комитетінің хатшысы болды. Сосын Жәнібек аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Атаевтың ауданда кадр резервін қалыптастыруға үлес қосқан қайраткерлігі өз алдына бөлек әңгіме. «Атаевтың шекпенінен шықтық» деп айтып жүретіндер аз емес. Жол нұсқап, жөнін айтып, жоба көрсетіп жүретініне замандастары куә. 1970-1980 жылдары «Ұзынкөл – кадрлар ұстаханасы» деп айтылуы тегін емес. Асқар аға бір естелігінде партия ұстанымына сай кеңшарда агроном болған Жұмакерей Қажыповты «Қайрат» кеңшарының директоры қызметіне тағайындауына ықпал еткенін айтады. Мұндай мысалдар аз емес. Ұзынкөл ауылында кадр жөнінде инспектор қызметін атқарған Сара Ихсанова ауылдық кеңес төрайымы болып сайланады. Бұдан кейін Жәнібек аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып 20 жылдан астам еңбек етті. Ардагер-ұстаз, зейнеткер, Жәнібек аудандық колледжін ұзақ жыл басқарған Қабаш Жүнісов Асқар ақсақалдың кейінгі буынға жасаған жақсылығын, ерекше ықылас-пейілін тебірене баяндайды.

«Асқар Қабдолұлы қызметке кіріскеннен бастап партия жұмысының шынайы жанашыры, зиялы жан, үлкен мәдениеттің иесі екенін байқадым. Оның келісті келбеті, артқа қайырған қою қара шашы, әр сөзді салмақпен, байыппен жеткізетін ұстамды мәнерін ілтипатпен еске аламын. Ол кездерде Кеңес одағы Коммунистік партиясы жас кадрларды даярлау жұмысына үнемі көңіл бөліп отырды.

Мектептерде октябрят, пионер және комсомол ұйымдарының бастамасымен жастардың тәрбиесіне мән беріліп, басшы кадрларды комсомол ұйымының жолдамасымен іріктейтін еді. Аудандық партия комитеті аппаратында 5-6 жыл қызмет істетіп, тәжірибе жинақтағаннан кейін, аудандық партия комитетінің ұсынысымен кеңшар директоры, партком, өндіріс, мекеме басшысы етіп тағайындап, қызмет бабында отырды.

– Мені де аудандық партия комитетінің хатшысы А. Атаевтың ұсынысымен 1980 жылы аудан орталығындағы іргелі Т. Жароков атындағы қазақ орта мектебіне директор етіп жіберді. Соңынан Асқар Қабдолұлы бұл мектепті «Өзім оқыған мектебім», ал мені «Өзім ұсынған директорым» деп, мектеп жұмысын сырттай қадағалап, үнемі ақыл-кеңесін айтып отыратын. Ол өзім мектепте істеп жүрген жылдары мектептегі басшылық жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде тәлімгер-ұстазым болды. Ұстазымның басқару ісіне баулуының арқасында 28 жыл үздіксіз мектеп пен колледжде директор болып, осы мерзім ішінде 1000-нан астам мектеп түлегіне орта білім туралы аттестат, колледжді тәмамдаған 400-ге жуық жас маманға жұмысшы дипломын табыстап, үлкен өмірге жолдама ұсындым», – дейді Қабаш Жүнісов.

Асқар Атаев 1987-1996 жылдары облыстық агроөнеркәсіптік комитетінің әлеуметтік даму бөлімінің меңгерушісі, 1996 жылдың ақпанынан қараша айына дейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы қызметін атқарып, құрметті

төрінде

демалысқа шықты. Ақсақалдың қоғамдық қызметте де қайраткерлігі ерен. Бірнеше мәрте ауылдық кеңес пен аудандық атқару комитетінің депутаты болып сайланды. 1975-1978 жылдары облыстық партия ұйымының тексеру комиссиясының мүшесі ретінде де абырой-беделі зор болды.

Туған өлкеге сіңірген еңбегі үшін 2015 жылы Жәнібек ауданының құрметті азаматы атанды. 2005 жылдан бастап М. Ықсанов атындағы қоғамдық қорға жетекшілік етеді. 2019 жылдың шілде айынан бастап Батыс Қазақстан облысы Билер одағы кеңесінің төрағасы қызметін атқарып келеді. Жуырда Асқар Қабдолұлының «Тоқсан жылдың түйіні» атты кітабы жарық көрді.

Асқар аға – елге танымал талай тұлғамен дәмдес болған, аудан-ауылдарды аралап келген талай тарланды төріне шығарып, ғибратты әңгімесін тыңдаған азамат. Мәселен, Роза Бағланова, Әсет Бейсеуов, Жұбан Молдағалиев, Ісмет Кеңесбаев, Әбдіжәміл Нұрпейісовпен болған сұхбат-мәжілістері әрқайсысы өз алдына бір төбе әңгіме. «Тоқсан жылдың түйіні» атты деректі кітапта ардагердің өмір жолына қатысты тосын сыр көп. Әсіресе, Күйгенкөлдегі Әуен ата мен Ұзынкөлдегі Әтеш атаның әулиелік қасиеті туралы толғаныстары оқыған адамды тебірентпей қоймайды.

Бүгінде торқалы тоқсанның төріне шыққан Асқар ақсақалдың Қорқыт ата, Анар Рзаев, Мөңке би, Қадыр Мырза Әли, Ескендір Зұлқарнайын, Абай, Фирдоуси, Франк-Вольтер, Штаймайер, Әл-Фараби, Мәшһүр Жүсіп, Шәміл имам, Шәкен Айманов, Александр Блок, Сократ сынды тарихи тұлғалардың айтқан тағылымды түйін сөздерін, өмірлік өнегелерін, дүниетанымдық ұстанымдарын кейінгіге ғибрат ретінде жүйелі ұсынуы үлкен-кішіні бірдей сүйсіндірер ерекше қасиет екендігі сөзсіз.

Жуырда Қадыр Мырза Әли атындағы облыстық мәдениет және өнер орталығында «Ғұмыр-ғибрат» атты кездесу кеші мен «Тоқсан жылдың түйіні» атты кітаптың таныстырылымы өтті.

Гүлфия ҚОЛҒАНАТОВА, «Орал өңірі»

Бұл іс-шараға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақсот Берген, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Парасат» орденінің иегері, ақын Айтқали Нәріков қатысты. Сонымен қатар облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Медхат Қамбетов, Жәнібек ауданы әкімінің орынбасары Жаннұр Ахметов, облыс орталығындағы М. Ықсанов атындағы №36 мектептің мұғалімі Салтанат Кадрешова шәкірттерімен кештің төрінен табылды.

Асқар Атаев 1936 жылдың 1 сәуірінде Жәнібек ауданы Күйгенкөл ауылдық кеңесінің Көлтабан ауылында жарық дүниеге көрінді. Қоғам қайраткері, еңбек ардагері Асқар Қабдолұлы 2005 жылдың наурыз айынан бастап М. Ықсанов атындағы қордың төрағасы қызметін абыроймен атқарып келеді. 2015 жылы Жәнібек ауданының құрметті азаматы атағын иеленді. ҚР Президентінің үш рет алғыс-хатымен марапатталған.

Іс-шара аясында тоқсанның шыңына шыққан Асқар Атаевтың «Тоқсан жылдың түйіні» атты кітабы оқырман қауымға таныстырылды. Кітап Асқар Қабдолұлының ру шежіресіне, Жәнібек ауданы, соның ішінде Күйгенкөл, Көлтабан ауылдарының тарихы, партия, кеңес құрылымындағы қызметі, өмірі мен еңбек жолында кездескен айтулы тұлғалар, өзі басқарған қор туралы мағлұматқа негізделген. Су жаңа кітаптың лентасын Айтқали Нәріков пен аталмыш кітаптың редакторы Нұрлан Сәдір қиды.

Облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Медхат Қамбетов те қазыналы қарияға ілтипат білдірді.

– Тоқсанның төріне шыққан ағамыз жайлы жақсы әңгіме айтылуда, айтыла да береді. Қоғам үшін, ел дамуы үшін жасаған еңбегіңіз орасан. Мұстақым Ықсанов қорының жетекшісі ретінде де өскелең ұрпақ үшін үлкен еңбек атқарып келесіз. Ортаңыз ортаймасын, мерейлі жасыңыз құтты болсын! – деді Медхат Қамбетов.

Шалғайдан ат терлетіп келген Жәнібек ауданы әкімінің орынбасары Жаннұр Ахметов аудан басшысының сәлемін жеткізіп, ол Асқар Қабдолұлына құттықтаухат пен М. Ықсановтың 100 жылдығына орай арнайы жасалған төсбелгіні табыс етті. Алдағы уақытта ардагерді Жәнібек жұртымен жүздестіріп, Асқар ақсақалмен ғибратты кездесу өтетіндігін тілге тиек етті.

Еңбек ардагерін торқалы тоқсан жасымен құттықтап келген жұртшылықтың қарасы көп болды. Соның бірі замандас інісі, кітаптың шығуына бірден-бір себепкер Айтқали Нұрышқалиұлы өзінің лебізін білдірді.

– Бұл кітаптың қолжазбасы маған өте таныс. Ақын-жазушылардың кітабына алғысөз жазып жүргеніммен, Асекең өз кітабына алғысөз жазуымды өтінгенде, әрі-сәрі күй кешкенім рас. Иә, бұл кітапқа алғысөзді әріптесі немесе замандасы жазса, құба-құп болар еді. Жасы үлкен, сыйлас ағаның меселін қайтаруға бола ма деп осы кітапқа алғысөз жазып шықтым.

Жас ұрпақ «Жақсыдан – шарапат» деген сөздің мағынасын біле жүруі тиіс. Жәнібек ауданына жиі ат ізін салған жандарды Асқар Атаев қарсы алатын. Жұбан Молдағалиев, Сағынғали Сейітов, Ғафу Қайырбеков, Қайрат Жұмағалиев, Роза Бағланова сынды еліміздің мақтаныштарын төріне шығарып, қонақ етті. Мемлекет қайраткері Дінмұхаммед Қонаевтың қабылдауында болған ардагер Жәнібек ауданының дамуы үшін зор үлес қосты. Қоғамдық жұмыстан шет қалмай, әлі де саптан түспеген асыл ағаның деніне саулық тілеймін, – деді інілік ілтипатпен Айтқали ақын.

Қолжазбаны компьютерге теріп, кітапты құрастыруға көмектескен кітап редакторы Нұрлан Сәдір де ақсақалға тілек айтудан шет қалмады.

– Асқар ақсақал кітабын құрастыруға қолқа салғанда сөзбұйдаға салмай, бірден келістім. Өйткені, бұл кісіде бір емес, бірнеше кітапқа жүк болатын рухани да, құжати да «багаж» бар екенін айтқан әңгімесінен байқап, үйінде болған кезде текшеленген папкаларынан ұқтым. Кейін өзіме табыстап, материалдарды қорытып, сөзтүйін мақала жаздым. Асқар Атаевтың бұл кітабы аға буынды өткен белестерге жетелеп, көңілін сергітсе, жас ұрпаққа аталарының игі істері үлгі-өнеге болады деп сенемін, – деді Н. Сәдір.

Кеш барысында ақ тілектер ақтарылып, ән мен күй төгілді. Үзеңгілес інілерінің бірі, жерлесі Серік Қабдырұлы Асқар ағасына жыр жолдарын жолдады. Еңбек ардагері келген жұртшылыққа ризашылығын білдірді.

Мерейтойлық шара Тұманбай Молдағалиевтің өлеңіне жазылған «Туған жер» әнімен түйінделді.

www.zhaikpress.kz

«Келін үшін ЕҢ БАСТЫСЫ – сыйластық пен сабыр»

Орал қаласында ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, қазақ келінінің парасаты мен үй тіршілігіне алғырлығын насихаттауға бағытталған «Ақ босаға» облыстық келіндер байқауы өтті. Үш күнге созылған іс-шараны Орал қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мәдени-ағарту бірлестігіне» қарасты «Шұғыла» және «Жұлдыз» комьюнити орталықтары ұйымдастырды.

Байқауға Орал қаласы мен аудан-ауылдардан келген, сәні мен салтанаты жарасқан 10 келін қатысып, өзара бақ сынады. Олардың қатарында түрлі салада еңбек етіп жүрген көпбалалы аналар да бар. Әр қатысушы өз өңірінің намысын қорғап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде барын салды.

Жиынның ашылу салтанаты Қадыр Мырза Әли атындағы мәдениет орталығында өтті. Бұл күні қатысушылар жеребе суырып, Қадырсарайды аралап, концерттік бағдарлама тамашалады.

– Байқаудың басты мақсаты – ұмыт бола бастаған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты қайта жаңғыртып, қазақ келініне тән иба-әдеп, инабаттылық, сымбат, ісмерлік пен тапқырлық қасиеттерді кеңінен дәріптеу. Жалпы, бұл байқау 2020 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Осы уақытқа дейін ауыл тұрғындары арасында екі рет ұйымдастырылып, 2025 жылы кент келіндерінің қатысуымен қалалық деңгейде жоғары дәрежеде өтті. Биыл облыстық деңгейде ұйымдастырдық. Қатысушылардың дайындығы керемет. Үй шаруасын, түз жұмысын ысырып қойып, үш күн қатарынан тыным көрмей жүрген келіндерімізге алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді байқауды ұйымдастырушы, «Шұғыла» комьюнити орталығының меңгерушісі Әсел Хайруллина.

Екінші күні келіндердің шаруаға ептілігі мен шеберлігі сынға түсті. Атап айтқанда, «Садақ ату», «Дәм-думан» (жайма жаю), «Сиыр сауу» секілді сайыстар ұйымдастырылды. Бұл кезеңдерде қатысушылар шапшаңдығымен, тазалығымен және мергендігімен ерекшеленуге тырысты.

Ал байқаудың қорытынды кезеңі Жастар мәдениет сарайында өтті. Финалда қатысушылар **«Тегін білу – тектілік»** (таныстыру кезеңі), **«Өнерім – өмірім»** (шығармашылық өнер көрсету), **«Сыр сандық»** (сұрақ-жауап бөлімі) және **«Этносән – рухани жаңғыру»** (сән үлгісі) бойынша бақ сынады. Келіндер монолог оқу, ән айту, күй тарту, қойылым қою секілді өнерлерін ортаға салды.

Байқау барысында қазылар алқасы әр кезең бойынша қатысушылардың өнерін саралап, шеберлігі мен тапқырлығына әділ бағасын берді. Екінші жыл қатарынан арнайы шақыртумен келіп, төрелік еткен 5-дәрежелі бас аспаз Венера Дүйсенова сайыстың тартысты әрі жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

– Астың нанын жаю кезеңінде барлық келін ерекше дайындықпен келгені көрінді. Қатысушыларға небары он минут уақыт берілді. Ал нағыз машықтанған адам бұл істі алты минутта-ақ тындырады. Қуантарлығы, сол уақытқа сыйып үлгерген келіндер де болды. Өзім бұл салада 20 жылдан бері еңбек етіп келемін. Алғашында кафе-мейрамханаларда жұмыс істесем, соңғы жеті жылда жеке тапсырыстармен үйлерге барып қызмет көрсетіп жүрмін, – дейді тәжірибелі аспаз.

Байқауға қатысқан келіндердің әрқайсысы өз өмір жолы мен ұстанымын да тілге тиек етті. Солардың бірі – Бәйтерек ауданының келіні, 31 жастағы Сымбат Шыршығұлова **(суретте)**. Үш қыздың анасы, сұлулық салонының шебері ұлттық құндылықтарды берік ұстанатынын жеткізді.

– Негізінен университетте халықаралық қатынастар мамандығы бойынша білім алдым. Қазіргі кезде сұлулық салонында еңбек етемін. Өзім – Маңғыстаудың қызымын. Келін болып түскеніме 7 жыл болды. Ата-енеммен бірге тұрамын. **Келін үшін ең бастысы – сыйластық пен сабыр** деп ойлаймын. Сәлем салу, ат тергеу, орамал тарту сияқты салт-дәстүрлерді тек міндет ретінде емес, құрметтің белгісі ретінде орындаймын. Осындай байқаулар арқылы өзіңді сынап қана қоймай, басқа келіндерден де үлгі алуға, үйренуге мүмкіндік бар, – дейді ол. Ал Казталов ауданындағы Бостандық ауылының намысын қорғаған 31 жастағы Аяулым Қобыланкеліні **(суретте)** – бес баланың анасы, мектеп психологі.

– Алла берген екі ұл, үш қызым бар. Келін болғанымa 10 жыл болды. Енеммен бірге тұрамыз. Үлкеннің батасын алып, бір шаңырақтың берекесін сақтап отыру – келінге жүктелген үлкен жауапкершілік деп білемін. Мектепте педагог-психолог болып қызмет етемін, сондықтан адамдармен тіл табысу, сабырға шақыру – күнделікті өмірімнің бір бөлігі. Байқаудың барлық кезеңіне белсенді қатыстым. Әсіресе, ұлттық дәстүрге негізделген тапсырмалар маған ерекше әсер етті, – дейді Аяулым.

Сайыстың әділ өтуін тәжірибелі қазылар алқасы қамтамасыз етті. Құрамында ардагер-ұстаз, мәдениет саласының үздігі Күләнда Мәжитова, Орал қалалық мәслихатының депутаты, кәсіпкер Нұргүл Ашықова, тіл жанашыры, қоғам белсендісі Роза Зайнулинна және былтырғы «Ақ босаға» байқауының жеңімпазы, «Алтын алқа» иегері Гүлнұр Төлегенова болды. Сондай-ақ этнодизайнер Жәмила Өтеп-

қалиева, тәжірибелі бас аспаз Венера Дүйсенова және спорт жаттықтырушысы Айдос Сәрсенғалиев қатысушылардың өнері мен шеберлігін бағалады.

Байқаудың бас жүлдесі Жәнібек ауданынан келген Бағдагүл Алтайкелініне **(суретте)** бұйырды. Өзінің жанжақтылығымен, іскерлігімен және сахнадағы сенімділігімен ерекшеленген ол қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

I орын Орал қаласының өкілі, көпбалалы ана Әйгерім Жақсылықоваға табысталды. II орынды Орал қаласының атынан қатысқан Анаргүл Дәулетова мен Казталов ауданының үміткері Аяулым Мұхамбетова өзара бөлісті.

III орынға Теректі ауданының келіні Ақерке Әбдірахманова лайық деп танылды. Сонымен қатар қазылар алқасының арнайы шешімімен Айшат Ихсанова III орын иегері атанып, ерекше марапатқа ие болды. Орал қалалық мәслихатының депутаты Нұргүл Әжібайқызы Айшатқа өз атынан арнайы жүлде табыстады. Сондай-ақ Нұргүл ханым барша келінге ақын, жазушы Дариға Мұштанованың «Аңыз болған абысындар» кітабын сыйға тартты. Қатысушылар ыдыс-аяқ жиынтығы, еттартқыш, шаңсорғыш, тоңазытқыш, кір жуар мәшине секілді үй шаруасына қажетті бағалы сыйлықтарға ие болды.

Жан АЯТ,
Орал қаласы

Дина мектебіндегі фортепиано сыныбы

Жақында Оралдағы Д. Нұрпейісова атындағы балалар музыка мектебінде қазақтан шыққан тұңғыш пианист Гүлжауһар Шомбалова атындағы фортепиано сыныбы ашылды.

Нұрым ҚАЙЫРБОЛАТҰЛЫ,
«Орал өңірі»

Салтанатты іс-шараға облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Гүлжанар Шөкеева, Орал қаласы білім беру бөлімінің басшысы Әлия Қайыржанова, ақын, ҚР Білім беру ісінің құрметті азаматы Үзілдік Елеубайқызы қатысты. Сондай-ақ фортепиано сыныбының ашылуына тікелей ұйытқы болған «Н. Жигановтың халықаралық шоқжұлдыздары» жеке қорының президенті Светлана Тенишева және Д. Нұрпейісова атындағы балалар музыка мектебінің директоры Мұхамбетқали Далбаев болды. Алдымен музыка мектебінің мәжіліс залында Гүлжауһар Шомбалова жөнінде ақпараттық бейнеролик ұсынылды.

Гүлжауһар Айыпқызы – Қазақстандағы музыкалық өнер саласында кәсіби білім алған алғашқы музыкант әйел және ғалым. Ол 1919 жылы Жәнібек ауданына қарасты Қарпық ауылында дүниеге келген. Анасы ерте қайтыс болғаннан кейін, туыстарының қолында тәрбиеленіп, кейін Алматы қаласына қоныс аударған. 1934 жылы Алматы музыка-драма театрына оқуға түседі. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады. 1942 жылы училищені үздік бітіріп, оқытушы және концертмейстер ретінде еңбек жолын бастайды. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында концертмейстер қызметін атқарады. Ұлы Отан соғысы кезінде жауынгерлер алдында және госпитальдарда өнер көрсеткен. 1943 жылы «Домбыра үнімен» атты фильм-концертке қатысады.

1949 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясының музыкатану мамандығы бойынша алғашқы түлектерінің бірі атанады. Қазақ музыкасының тарихын және халық шығармашылығын зерттеп, А. Құнанбайұлының мұрасына ерекше көңіл бөлген. Ол музыкалық абайтанудың негізін қалаушылардың бірі ретінде танылған.

Қазақ КСР Үкіметінің шешімімен П. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясының халық музыкалық шығармашылығы мамандығы бойынша аспирантураға жіберіледі. 1955 жылы аспирантураны аяқтап, 1958 жылы қазақ музыкасын революцияға дейінгі кезеңде зерттеу тарихына арналған кандидаттық диссертацияны сәтті қорғап, республикадағы алғашқы әйел музыкатанушылардың бірі болады.

Консерваторияда ұзақ жыл дәріс беріп, оқу бағдарламаларын әзірледі, фольклорлық кабинетті басқарды. Одан кейін облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Гүлжанар Шөкеева сөз алып, осы фортепиано сыныбынан музыкант Шомбалованың ізін жалғаған жас өнерпаздар көп болары-на сенім білдірді.

– Бүгін Д. Нұрпейісова атындағы қара шаңырақта тарихи мәні зор ерекше іс-шараның куәсі болып отырмыз. Ақ Жайық өңірінің бозторғайы, саналы ғұмырын музыка саласына арнап, Қазақстандағы пианино өнерінің дамуына ерекше үлес қосқан Гүлжауһар Шомбалованың есімі ұлықталып, еңбегі ұрпаққа насихатталып жатыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Мәдениет пен өнер біздің қос қанатымыз. Өнер ұлттың жаны болса, мәдениет – рухани келбеті. Оны сақтап, дамыту – әр азаматтың парызы» деп атап өткен болатын. Гүлжауһар Айыпқызы Абай мұрасын дәріптеп, ұрпаққа насихаттады. Сонымен қатар көрнекті композитор Мұқан Төлебаевтың туындыларын шығармаларына енгізіп, көп көңілінен орын тапқан. Бүгінде мектеп жасындағы балалардың ән айтуға, ұлттық аспаптарды меңгеруге деген құлшынысы мол. Күні кеше кең көлемде аталып өткен Наурыз мейрамында да жас өрендердің өнеріне тәнті болдық. Алдағы уақытта Гүлжауһар Шомбалованың атындағы сыныптан шыққан таланттар талайды сүйсінтіп, қазақ музыкасының қарыштауына үлес қосады деген ойдамын, – деді Г. Шөкеева.

Музыка мектебінің директоры Мұхамбетқали Далбаев Шомбалованың музыкалық мұрасын әлі де зерттеу керек екенін айтты.

– Мен бұл күнді тарихи сәт деп айтар едім. Себебі осы шарадан соң, Гүлжауһар Айыпқызының есімі одан әрі көпке жетері даусыз. Өнер – рухани тәрбиенің көзі. Соның ішінде музыка өнерпазды да, тыңдарманды да ерекше сезімдерге жетелейді. Есігін айқара ашқан фортепиано сыныбы жас шәкірттердің шабыт ордасына айналады, – деді мектеп басшысы.

Гүлжауһар Шомбалова атындағы фортепиано сыныбы келушілерге таныстырылды. Сынып қабырғасында музыканттың фотосуреті мен ол туралы ақпарат ұсынылған. Сондай-ақ белгілі қазақ пианистерінің суреттері де ілулі тұр. Салтанатты ашылу рәсімінде музыка мектебінің 1-сынып оқушысы Сабира Төлешова пианиномен әйгілі композитор Моцарттың шығармаларын орындады.

● 5 сәуір – Геолог күні

Әбілқасым БАТЫРОВ, мұнай-газ саласының ардагері:

«ГЕОЛОГИЯ – қайсар мінезділердің таңдауы»

Сәуір айының алғашқы жексенбісінде атап өтілетін Геологтар күні қарсаңында өңір геологиясында өзіндік із қалдырған Әбілқасым Батыровтың еңбек жолына назар аудару орынды. Өмірін туған өлкесінің байлығын зерттеуге арнаған ол өз жетістігін ешқашан жеке-дара қарастырмайды. Керісінше, геология саласындағы табыстарды үлкен ұжымның, ғалымдар мен қарапайым жұмысшылардың бірлескен еңбегінің нәтижесі деп біледі. Сосын да болар, сұхбат басында: «Жазғаныңыз тек мен туралы болып кетпесін», – деп кесіп айтты.

Түгелбай БИСЕН,
«Орал өңірі»

Орал қаласында туып-өскен Әбілқасым Батыров мектеп қабырғасында жүргенде-ақ болашақ мамандығын айқындап қойған. Өйткені өзі тұратын Ет комбинаты шағынауданында геологтар ауылы болған. Сол жерде еңбек ететін адамдармен етене араласып, жұмысының қиындығы мен қызығын бала кезден көріп жүрген соң, болашақ мамандығын бірден тапқан. 1967 жылы орта мектепті тәмамдаған соң, Қазақ политехникалық институтына оқуға түсіп, 1972 жылы мұнай және газ кен орындарын барлау мен геология мамандығы бойынша білім алып шығады. Бұл таңдау оның бүкіл өмір жолын айқындап берген шешім болды.

Еңбек жолын қарапайым геолог ретінде бастаған жас маман алғашқы тәжірибесін Оралдағы геофизикалық экспедицияда жинақтайды. Дала жұмыстары мен зертханалық талдауларды қатар меңгерген ол кейін мұнай барлау экспедициясына ауысып, кәсіби шеберлігін шыңдай түседі. Геофизика саласындағы тәжірибе оған мұнай-газ геологиясын тереңірек түсінуге, күрделі өндірістік міндеттерді шешуге негіз болады.

1980 жыл оның өміріндегі жаңа кезеңнің бастауы болды. Дәл осы жылы ол Қарашығанақ кен орнындағы қызметін бастады. Алғашында далалық геолог ретінде жұмысқа кіріскен ол уақыт өте келе аға геолог, жетекші геолог, кейін геологиялық бөлімнің басшысы қызметтеріне дейін көтеріледі. 1980-1985 жылдары геологиялық-геофизикалық зерттеулерді ұйымдастыруға белсене қатысып, өнімді горизонттарды сынаудың жаңа әдістерін енгізуге атсалысады. Бұл кезеңде кен орнын барлау жұмыстары күрделі әрі жауапты міндеттермен ерекшеленді, ал сол қиындықтарды еңсеру кәсіби біліктілік пен табандылықты талап етті.

Жалпы еңбек өтілі 40 жылдан асатын маманның 11 жылы Қарашығанақ кен орнымен тығыз байланысты. Осы уақыт ішінде ол тек тәжірибе жинақтап қана қоймай, өз ісіне деген адалдықтың, үздіксіз ізденістің үлгісін көрсетті.

– Геолог, мұнайшы мамандығы – жай ғана кәсіп емес. Бұл – төзімділік пен қайсарлықты, үздіксіз білім алуды талап ететін өмір жолы. Мамандықты жүрек қалауымен таңдау – адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Өйткені сүйікті іс қана адамға шынайы қанағат пен жетістік әкеледі, – дейді Әбілқасым Батыров.

Кейіпкеріміз Қарашығанақ кен орнын барлау тарихы тек геологиялық жаңалықтардың емес, сан түрлі мамандық иелерінің жанқиярлық еңбегінің шежіресі екенін айтудан тынбайды. Ол кен орнының жемісі инженерлік-техникалық қызметкерлерден бастап қарапайым жұмысшыларға дейінгі мыңдаған адамдардың ортақ жеңісі екенін үнемі айтып жүреді.

– Кен орнын игерудегі ең ауыр әрі жауапты кезеңдердің бірі – ұңғымаларды бұрғылау. Осы істің басында бағыт-бағдар беріп, өндірістік үдерісті үйлестіре білген тәжірибелі басшылар тұрды. Солардың қатарында бас инженер, кейін экспедиция жетекшісі болған Николай Ермаковтың орны ерекше. Ол Қарашығанақтағы барлау-бұрғылау жұмыстары басталған алғашқы күннен жұмысын бастады. Ол кен орнының толық жүйесін басқарған тұлғалардың бірі еді. Өз ісін терең меңгерген маман ретінде ол тек басқарушы ғана емес, қажет сәтте жауапкершілікті өз мойнына алып, бұрғылаушылардың қатарына өзі де қосылатын. Қиын жағдайларда ұңғымамен «тіл табыса» білетін шеберлігі мен батылдығы жұмысшыларға әрдайым жігер беретін, – деп кен орнындағы еңбек жолын еске алды геолог.

Сол кезеңдегі бұрғылау техникасы мен технологиялары бүгінгі күнмен салыстыруға, әрине, келмейді. Өйткені ол кездегі технология қарапайым әрі күрделі еді. Әр операция жоғары дәлдікті, тәжірибені және үлкен физикалық күшті талап ететін. Сексенінші жылдары В. Сташков бастаған мамандар өндірістік үдерістерді жетілдіруге зор үлес қосты. Бұрғылау шебері, Социалистік Еңбек Ері С. Папшин және тәжірибелі бұрғылаушылар – А. Төлегенов, А. Жарылғасов, М. Нуруллин, Н. Жукалин секілді азаматтар өз еңбегімен кен орнын игерудің іргетасын қалады. Ал Ю. Иванов пен Ф. Ихсанов сынды механиктердің еңбегі бұрғылау жұмыстарының үздіксіз әрі тиімді жүруіне тікелей әсер еткенін ағамыз тебірене баяндады.

– Бұл жетістіктер жекелеген мамандардың ғана емес, бүкіл ұжымның ортақ еңбегінің нәтижесі еді. Қатал табиғат жағдайында тәулік бойы ашық аспан астында еңбек еткен бұрғылаушылар, краншылар, тракторшылар, жүргізушілер, дизельшілер, электриктер, зертханашылар, монтажшылар, тіпті аспаздар мен техникалық қызметкерлерге дейін бір мақсат жолында бірікті. Әрқайсысының еңбегі елеулі болды, әрқайсысы осы үлкен істің ажырамас бөлігіне айналды, – дейді ардагер.

Әбілқасым Заидұлы Қарашығанақтағы еңбек жылдары туралы айтқанда адамдар арасындағы ерекше байланыс болғанын еске алады. Дала жағдайында өмір сүрген ұжым бір-біріне бауыр басып, бір отбасыға айналған. Әртүрлі мінез, әртүрлі тағдыр, бірақ бәрін біріктірген ортақ мақсат болды. Аптап ыстық, қақаған аяз, көктемгі лайсаң, тасқын су еңбек жолында күш біріктірген жандардың жігерін жасыта алмаған. Керісінше, осындай сындарлы сәтте адамдарды жақындастырып, бірлікті күшейте түскен.

– Сол жылдардағы тұрмыс та оңай болған жоқ. Геологтар вагон-үйлерде тұрып, тамақты өздері дайындады. Қазіргі кездегідей жайлы жатақханалар, асханалар немесе медициналық қызмет болмады. Табиғатпен бетпе-бет келіп, барлық қиындықты өз күшімен еңсеруге тура келді. Бірақ соған қарамастан, олар өз ісіне адал болды. Алға қойған мақсаттарынан таймады, – дейді Әбілқасым аға.

Тәжірибелі геолог өзі жұмыс істеген кездегі еңбек үрдісін бүгінгі күнмен салыстыруға келмейтінін айтады. Еңбек жағдайы мүлдем өзгерген. Заманауи технологиялар, қолайлы тұрмыстық жағдай, қауіпсіздік талаптарының жоғары деңгейі қазіргі мұнайшылардың жұмысын жеңілдеткені анық. Алайда Қарашығанақтың алғашқы барлаушыларының еңбегі мен төзімі, кәсібіне деген адалдығы бұл сала мамандары үшін үлгі болып қала береді.

Әбілқасым аға тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел өміріндегі түбегейлі өзгерістер тек саяси-экономикалық жүйеге ғана емес, тұтас салалардың құрылымына да әсер еткенін жасырмады. Әсіресе, кезінде қуатты ғылыми-өндірістік жүйе ретінде қалыптасқан қазақстандық геология ақсап қалғаны оның жанына батқан.

– 1991 жылдан кейін бұл сала дербес құрылым ретіндегі тұтастығын жоғалтып, бұрынғы байланыстар үзіле бастады. Осындай кезеңде геолог мамандарды қайта біріктіретін, олардың тәжірибесін сақтап, дамытуға мүмкіндік беретін ұйымның қажет екені айқын сезілді. Соған байланысты халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, жетекші мамандардың бастамасымен «Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамы» құрылды, – дейді кейіпкеріміз.

Бұл қоғамдық бірлестік еліміздің әр өңіріндегі геологтарды бір арнаға тоғыстырып, ғылыми-практикалық бағыттағы жұмыстарды жандандыруға жол ашты. Қоғамдық ұйымның Батыс Қазақстандағы филиалына жетекшілік ету Әбілқасым Батыровқа сеніп тапсырылған. Бұл оның көпжылдық тәжірибесіне, кәсіби беделіне көрсетілген құрмет еді.

Қоғамдық қызметі тек ресми жиындармен шектелмейтін Әбілқасым аға мазмұны терең, болашаққа бағытталған жұмысқа ден қойды. Ол

> Қарашығанақты игеру оңай болған жоқ. Кен орнының геологиялық құрылымы күрделі, тау жыныстары қатты, ал газ құрамындағы күкіртсутек өндіріс процесін одан әрі қиындата түсті. Бұған қоса, өңірдің күрт континенттік климаты да өз сынағын аямады. Қыстың қақаған аязында да, көктемгі батпақта да жұмыс тоқтаған жоқ. Жұмысшыларды бұрғылау алаңдарына жеткізу өзі үлкен қиындық туғызатын, ауыр техникамен жүріп өту, жолсыз дала, табиғаттың тосын мінезі – барлығы да күнделікті сынаққа айналатын...

қоғамдық бірлестік басшылығымен ақылдаса отырып, ғылыми конференциялар ұйымдастырып, тәжірибе алмасу алаңдарын құрды, жаңа геологиялық және геофизикалық әдістер талқыланды. Мұнай-газ саласындағы соңғы жаңалықтар мен технологиялар да назарды тыс қалдырмады. Сонымен қатар қоғамның бастамасымен салалық журналдар, кен орындарының атластары, түрлі ғылыми еңбектер жарық көріп, сала мамандарына бағыт-бағдар көрсетілді.

Әбілқасым Батыров мұнай-газ саласының болашағы елдің экономикалық тұрақтылығы мен дамуының маңызды тіректерінің бірі екенін айтады. Қазақстанның табиғи ресурстары мол, ал бұл өз кезегінде мұнайшыларға үлкен жауапкершілік жүктейді. Ол болашақ мұнайшыны тек өндіріс маманы ретінде емес, жаңа технологияларды меңгерген, экологиялық қауіпсіздікке мән беретін, жан-жақты білімді тұлға ретінде елестетеді. Себебі қазіргі заман талаптары тек шикізат өндірумен шектелмей, оны тиімді әрі жауапты игеруді қажет етеді.



Бүгінде зейнетте жүрсе де, сала ардагері қоғамдық өмірден қол үзген емес. Керісінше, жинақтаған тәжірибесін жас буынға жеткізуді өзінің азаматтық парызы санайды. Жастармен кездесулер, кәсіби әңгімелер оның күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналған. Ал қалған уақытында кітап оқып, табиғат аясында демалғанды ұнатады. Бұл ұзақ жылдар бойы дала төсінде еңбек еткен адамның табиғатпен байланысын үзбегенінің белгісі болар, сірә?!

Оның өмір жолы – тұтас бір кезеңнің көрінісі. Қиындық пен табандылық, ізденіс пен жетістік қатар өрілген бұл тағдырда елге қызмет етудің шынайы үлгісі жатыр. Осындай жандардың еңбегі арқылы Қазақстанның мұнай-газ саласы қалыптасып, дамып келеді.

Бірақ Әбілқасым Батыров қазіргі жеткен жетістігін өзінің ғана еңбегі деп санамайды. Өйткені алдында жол сілтер ағалары мен жөн көрсетер әріптестері болған. Әсіресе, көрнекті геолог, ғылым докторы Сухан Камаловтың орны бөлек екенін айтудан тынбайды. Оның табандылығының арқасында Қарашығанақтағы алғашқы ұңғымаларды бұрғылау жоспары бекітіліп, нәтижесінде бірегей мұнай-газ конденсаты кен орны ашылды. Әбілқасым Батыров үшін мұндай тұлғамен бірге жұмыс істеу үлкен мектеп, өмірлік тәжірибе болған.

– Сухан Мақсотұлы қанша қатал болса да намысыңа тиіп, кемсітіп көрмеді. Келіспейтін болса, кім-кімге де пікірін ашық айтып, ұстанымынан айнымайтын жан еді. Оныменбірге жұмыс істеу қиын екенін білсең де, қасынан кеткің келмейтін. Өйткені үйретері көп жан еді, – дейді Әбілқасым аға.

Сондай-ақ Орал мұнай-газ барлау экспедициясының бас геологы Рахмет Бахтияров, геофизиктер – Доха Дауанов, Олег Маренко және басқа да көптеген маман кен орнын ашу мен барлау ісіне елеулі үлес қосты. Олардың қатарында Н. Сумкин, Н. Фомин, С. Ганюков, Х. Елеуов, А. Касьяненко, И. Матушкин, Р. Хуснулин, Б. Ботаева, Е. Павлова, В. Портнов, Л. Портнова, Н. Алексеенко, Х. Оразғалиев, М. Наурызғалиев, Г. Шишкин сынды білікті геологтар мен геофизиктер болды. Бұлар бір мақсат жолында жұмылған үлкен ұжым еді.

– Қарашығанақты игеру оңай болған жоқ. Кен орнының геологиялық құрылымы күрделі, тау жыныстары қатты, ал газ құрамындағы күкіртсутек өндіріс процесін одан әрі қиындата түсті. Бұған қоса, өңірдің күрт континенттік климаты да өз сынағын аямады. Қыстың қақаған аязында да, көктемгі батпақта да жұмыс тоқтаған жоқ. Жұмысшыларды бұрғылау алаңдарына жеткізу өзі үлкен қиындық туғызатын, ауыр техникамен жүріп өту, жолсыз дала, табиғаттың тосын мінезі – барлығы да күнделікті сынаққа айналатын, – дейді ағамыз.

Соған қарамастан, жоғарыда аты аталған мамандар мен есімдері жазылмаса да іске өз үлесін қосқан жандар өз істерінен бас тартпады. Әр ұңғыма, әр зерттеу олардың табандылығы мен кәсіби шеберлігінің нәтижесі еді. Уақыт өте келе бұл еңбектің жемісі ел игілігіне айналып, Қарашығанақ Қазақстанның ірі мұнай-газ кен орындарының біріне айналды.

Әбілқасым Батыровтың естелігі – жеке тағдырдың тарихы емес, тұтас бір буынның қажырлы еңбегінің көрінісі. Бұл – қиындыққа мойымаған, табиғатпен тайталаса жүріп, ел байлығын игерген адамдардың шынайы бейнесі.

Еңбек жолын еске алған кезде оның жадында, ең алдымен, дала өмірінің қатаң шындығымен, тынымсыз еңбектің ырғағы сақталып қалғаны байқалады. Ол кен орнын барлау жұмысы басталған сәттен бастап, қорларды толық есептеу кезеңіне дейін осы алып жобаның ішінде жүрді. Алғашқы қадамдарын далалық геолог ретінде бастап, кейін аға геолог дәрежесіне көтеріліп, ақырында кен орнының геологиялық бөлімін басқаруға дейін жетті. Бұл – тек қызметтік өсу ғана емес, үлкен жауапкершіліктің, тәжірибе мен сенімнің көрінісі еді.

Далалық кезең – оның өміріндегі ең қиын әрі ең әсерлі белестердің бірі. Аптап ыстық пен қақаған аяз, демалыссыз өткен күндер, мереке атаулыны ұмытып, үздіксіз жалғасқан жұмыс мұның бәрі сол уақыттың қалыпты көрінісі болатын. Геологтар вагон-үйлерде тұрып, қарапайым жағдайда өмір сүрді. Бұрғылау қондырғыларында бүгінгідей жайлылық жоқ: жазда күйіп тұрған ыстық, қыста сүйектен өтетін суық. Ауа салқындатқыштар да, толық жабдықталған тұрмыстық жағдай да болмаған.

Сол кезеңнің техникасы да бүгінгі деңгеймен салыстыруға келмейтін. Көптеген үдеріс қол еңбегіне сүйенді, аутоматтандыру жоқтың қасы еді. Кейде ондаған шақырымды жаяу жүріп өтуге тура келетін. Бірақ осының бәрі олар үшін қалыпты жағдай саналды. Олар өз еңбектерін ерлік деп бағаламады, тек өз міндеттерін адал атқарып жүрміз деп білді. Алайда уақыт өткен сайын сол еңбектің шын мәнінде ерлікке парапар болғаны айқын сезіледі.

«Оқырман отбасы – 2026»

Таяуда осындай атаумен «Дән» мәдениет үйінде аудандық байқау өтті. Іс-шараны Шыңғырлау аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі ұйымдастырған. Рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған бұл іс-шара отбасы институтының маңызын арттырып, кітап оқу мәдениетін насихаттауды мақсат етті.

Аталған байқауға аудан көлемінен Дәулетовтер, Кенжетаевтар және Сағидановтар жанұясы қатысып, өзара бақ сынасты. Қатысушылар екі кезең бойынша өнер көрсетті. Алғашқы «Оқитын отбасы – трендте» бөлімінде отбасылар өздерінің кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқу дәстүрін таныстырса, екінші «Отбасымен оқыған ойлы ұрпақ» кезеңінде әдеби шығармалар арқылы тәлім-тәрбие берудің маңызын көрсетті.

Байқау барысында әр отбасының шығармашылығы, бірлігі мен кітапқа деген құрметі айқын байқалды. Қатысушылар тек білімдерімен ғана емес, сахна мәдениетімен, ой ұшқырлығымен де ерекшеленді.

Жиын соңында аудандық орталық кітапхананың директоры Гүлмира Бердеғалиева байқаудың маңыздылығына тоқталды:

«Бүгінгі байқау – ұрпақ тәрбиесіндегі кітаптың орнын айқындайтын маңызды алаң. Отбасымен бірге кітап оқу – балаға берілетін ең құнды тәрбие. Осындай бастамалар арқылы біз қоғамда оқу мәдениетін қалыптастырып, рухани бай, ойлы ұрпақ тәрбиелеуге жол ашамыз. Отбасы – ұлттық тәрбиенің алтын бесігі. Сондықтан кітап оқитын отбасы – болашақтың кепілі», – деп, байқауға қатысқан барлық отбасыға алғысын білдірді. Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар арнайы марапаттарға ие болып, естелік сыйлықтар мен дипломдар табысталды.

Байқау қорытындысы бойынша Аманкелді ауылынан келген Кенжетаевтар отбасы үздік деп танылып, «Ақжайық өңірінің оқырман отбасы – 2026» облыстық байқауына жолдама алды.

Айта кету керек, мұндай тағылымы мол іс-шаралар отбасы құндылықтарын нығайтып қана қоймай, ұлттың рухани дамуына да зор үлес қосады. Өйткені отбасы – тек бір шаңырақ астындағы жандардың бірлігі емес, ол – тәрбиенің, мәдениеттің және жарқын болашақтың бастауы. Отбасы берік болса, мемлекет мығым, ал ұрпақ бақытты болары сөзсіз.

Светлана БӘЙТЕНОВА,
Шыңғырлау ауданы

Гүлсезім БИЯШЕВА,
«Орал өңірі»
gulsezimbiyasheva@gmail.com

2 сәуір – Дүниежүзілік **АУТИЗМ** мәселесі туралы ақпарат тарату күні

ӘЛЕМІ БӨЛЕК БАЛАЛАР немесе АУТИЗМ АЛАҢДАТАДЫ

Кез келген ата-ана үшін баласы – бары. Олар «Баламның табанына кірген тікен – менің маңдайыма қадалсын» деп тілейді. Ұл-қызы жыласа, жанын қоярға жер таппайды. Алайда сырттай сап-сау болып көрінетін сәбиден екі-үш жасында аутизм, яғни ми жүйесінде ауытқушылық анықталып жатады. Жалпы аутизм – әлем бойынша әлі толық зерттелмеген дерт. Бұл сырқатқа нақты қандай факторлар әсер ететіні де әлі күнге дейін белгісіз. Дегенмен дәрігерлер соңғы зерттеулерге сүйеніп, аутизмнің алдын алу бойынша жүкті аналарға кеңес береді. Осы орайда «Сәбилердегі аутизмнің алғашқы белгілері қандай? Аутист баланы өмірге қалай бейімдейміз?» деген сауалдардың жауабын сала маманынан білдік.

АУТИЗМНІҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Сонымен аутизм деген не? Осы орайда Орал қалалық №2 емхана директорының бала және босану жөніндегі орынбасарының уақытша міндетін атқарушы, жалпы тәжірибе дәрігері Раида Миликееваның **(суретте)** айтуынша, аутизм (немесе аутизм спектрінің бұзылысы – АСБ) – қарым-қатынас жасау, әлеуметтік өзара әрекеттесу және мінез-құлық ерекшеліктерімен (қайталанатын әрекеттер, шектеулі мүдделер) сипатталатын, жүйке жүйесінің кеш дамуына байланысты өмір бойы сақталатын жағдай. Бұл – ауру емес, дүниені қабылдаудың ерекше түрі. Түсінікті тілмен айтқанда дамудағы кешеуілдеу. Бұл кезеңде баланың ақыл-есінің даму процесі тоқтайды. Алға мақсат, жоспар құра алмайды, айналаға қызығушылығын жоғалтады. «Аутизм» грек тілінен аударғанда «өзім» дегенді білдіреді. Демек, аутизмге шалдыққан баланың өз әлемі бар. Ол қоғамдағы, қасындағы адамдармен тіл табысып, араласып-құраласуға құлықсыз. Өзімен-өзі отырғанды, жүргенді жөн көреді. Қалыпты жағдайды бұзуға, өзгертуге ниеттенбейді. Қатты дыбыс, ұрыс-керістен шошиды. Мұндай науқасқа шалдыққан балалардың жалпы дамуы тежеледі. Сөйлеу және интеллектуалдық мүмкіндіктері қалыпты болғанына қарамастан айналасындағы адамдармен араласа алмайды. Мінезі тұйықталып, кейде қайталана беретін құбылыстар жасайды, яғни ұзақ уақыт бойы тек бір ғана нәрсемен айналысады. Өзі секілді балалармен де ойнамайды. Қоршаған ортаға деген қызығушылығы болмайды. Айналасындағы қызықты оқиғаларға, ойыншықтарға алаңдамайды, ол өз әлемімен өмір сүреді.

– Егер аутизм ерте анықталса, әр баланың деңгейіне байланысты жұмыс жүргізіледі. Кейбір балаларда аутизмнің жеңіл түрі болып, дұрыс түзету жұмыстары жүргізілсе, қоғамға бейімделіп кетеді. Ата-аналардың көбі бастапқыда баласының диагнозын мойындамайды. «Біздің тұқымда кеш сөйлегендер болған», «Еркелік қой» деп мән бермейді. Бірақ уақыт өте келе жақындарының, туыстарының, достарының ескертуімен ғана маманға жүгінеді. Кейде кеш келіп жатады. Мұндай жағдайда да түзету жұмысы жүргізіледі, бірақ нәтиже кешірек байқалады.

«АТА-АНА ҚАЙ КЕЗДЕ АУТИЗМ БОЙЫНША ДАБЫЛ ҚАҒУ КЕРЕК?» ДЕГЕН САУАЛҒА ТОҚТАЛСАМ.

- Сәби алты айдан асқан соң сирек күлсе және ешқандай эмоция көрсетпесе, көзбен байланысқа түспесе;
- айналасындағы адамдарға мән бермесе;
- Тоғыз айлығында да сирек дыбыс шығарып, эмоциясын көрсетпесе;
- Бір жаста мүлде сөйлемесе, өзінің атын атағанда қарамаса, көзбен меңзеп, қолмен нұсқамаса немесе жанындағы адамдар тарапынан көрсетілген меңзеу әрекеттеріне мән бермесе, ойыншықтарына қол созбаса;
- Қол шапалақтап, есімін атасаңыз да қарамаса;
- Бір жас 6 айлығында мүлдем сөйлемесе;
- Екі жасында қарапайым сөз тіркестерін өз бетінше құрастыра алмаса;
- ұзақ уақыт бойы қолдарын ретсіз бұлғаса, бір орында айналса немесе тоқтаусыз монотонды дауыспен бір сұрақты қойса, ата-ана оны дереу дәрігерге қарату керек.

Аутизммен ауыратын балалар көбінесе заттарды ретке келтіруге немесе түсі, өлшемі, пішіні бойынша реттеуге тырысады, – деді Раида Асқарқызы.

ЕРТЕ АНЫҚТАЛҒАН ДЕРТТІҢ ЕМІ ҚОНЫМДЫ

Дәрігердің айтуынша, балалардың дамуында қандай да бір кідірістің бар-жоғын тексеру үшін арнайы диагностика жүргізіледі. Тексеру кезінде дәрігер баламен сөйлесіп немесе ойнап, баланың қалай үйренетінін, сөйлейтінін, қимыл-қозғалысын және өзін қалай ұстайтынын бақылайды. Яғни балалар 9, 12 айлық және 18 немесе 24 айлық кезінде дәрігерден жоспарлы медициналық тексерістен өтуі керек. Сол кезде дамуындағы кешігулері қадағаланады. Егер нәресте мерзімінен бұрын дүниеге келсе, босану кезінде жарақат алса және туу кезінде дене салмағы аз болса, оның себебін анықтау үшін қосымша скринингтік сынақтар жүргізіледі. Оған көру және есту скринингтері, неврологиялық, генетикалық тестілеу өткізіледі. Аутизмді ерте жаста анықтау өте маңызды және ерте диагностикада тиімді емдеу мүмкіндігі жоғары болады. Аутизм мен аутизм спектрінің бұзылыстары 18 айлық немесе одан кіші жаста анықталуы мүмкін.

АУТИЗМДІ АНЫҚТАУДАҒЫ ЕСТУ ТЕСТІЛЕРІНЕ ТОҚТАЛАЙЫҚ.

Есту қабілетін тексерудің екі түрі бар. **БІРІНШІСІ**, мінез-құлық аудиометриясы. Науқасты бөлмеге жатқызып, олардың әртүрлі дауыстарға жауаптары тыңдалады. Оны әдетте білікті дәрігер немесе клиникалық аудиолог жасайды.

ЕКІНШІСІ, сұраққа мидың әсері, яғни реакциясы бақыланады. Баланы тыныш бөлмеге орналастырады. Құлағының үстіне құлаққаптар қойылып, мидың реакциясы тексеріледі.

АУТИЗМГЕ ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРДЫ ҚОҒАМҒА ҚАЛАЙ БЕЙІМДЕЙМІЗ?

деген сауалға Раида Миликеева былайша жауап берген еді. Оның айтуынша, аутизмді емдеуге әдетте педиатр, логопедтер, педагогтар мен психиатрлар кіретін топ қатысады. Ерекше балаларды қоғамға бейімдеу үшін оларға білім беру және кәсіптік бағдарлама қажет. Ең кең тараған және тиімді емдеу әдісі – білім беру (мектеп немесе кәсіптік) бағдарламасы. Бұл жерде оқушының үлгерім деңгейі байқалады. Аутизмі бар балаларды қорғауда оларды шағын және бақыланатын топтарға бөлу керек. Тренингте ынталандырусыз (көру және есту) сөздік оқыту бағдарламалары түсіндіріледі. Балаға шағын ақпарат беріледі және оның жауабы тыңдалады. Балаға басқа ақпаратты үйретпестен бұрын әрбір ақпаратты меңгергені қадағалануы керек. Мысалы, олар дастарқанда тамақтануды үйренбестен бұрын үстелге қол қоюды үйренуі қажет.

ЕКІНШІСІ, отбасы мүшелерін тәрбиелеу. Отбасы мүшелері аутизммен ауыратын адамның жағымсыз мінез-құлығына дайын және шыдамды болуы керек.

ҮШІНШІСІ, психотерапия. Кейбір аутизмі бар адамдарға психотерапия қоғамға бейімделуге ықпал етеді, сондай-ақ проблемалық мінез-құлықтарды шешуде ем-дом жүргізіледі.

ТӨРТІНШІДЕН, кей кезде ерекше балаларға дәрілер ұсынылады. Агрессивті мінез-құлық көрсетсе, галоперидол және арипипразол беріледі. Гипербелсенділік пен зейіннің жетіспеушілігі байқалса, метилфенидат ішкізуге болады. Жиі ашуланып, өзін және басқаларды жарақаттаса, рисперидон дәрісі ұсынылады.

Жалпы айтсақ, медицина аутизмді дерт деп есептемейді. Баланың болмысындағы, жаратылысындағы ерекшелік ретінде қабылдайды. Өзіндік өзгешелігі болса да, ол қалыпты өмір сүре алады. Тіпті, кейбір зерттеулер бұл ерекше балалардан аса бір қабілетті, қарымды мамандар, данышпандар шығатынын да айтқан. Айталық, Эйнштейн, Билл Гейтс, Ньютон, Бетховен және өзге де атақтыларда аутизмнің ашық сипаты кездеспегенімен, «Аспергер» синдромы көрініс тапқан. Бұл нені меңзейді? Шеңбердің шеңгеліндегі балалардың дамуына қоғам ерекше ден қоюы керектігін һәм болашағының жарқын болатынынан күмәнданбай қолдай білу керектігін ескерткендей. Ата-аналар да, мамандар да баланың бұл ерекшелігіне ерте назар салып, әбжіл қимылдаса, аутизмді жеңе алатынына сенімді. Баланың өз әлемінде жалғыз қалуына жол бермеуде уақыттың алар орны ерекше. Уақытылы әрекеттенсе, дендеген дертке де дауа табылатынын айтады мамандар.

Білім беру жүйесін цифрландыратын орталық

Ақан БИЖАНОВ, облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының директоры

Цифрландыру – қазіргі қоғам дамуының негізгі басым бағыттарының бірі. Әсіресе, білім беру саласында цифрлық технологияларды тиімді пайдалану оқу процесінің сапасын арттырып қана қоймай, басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды ресми түрде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауы еліміздегі цифрлық трансформация саясатының жаңа кезеңге өткенін айқындайды. Бұл бастама – білім беру жүйесін жаңғыртуға, заманауи технологияларды кеңінен енгізуге және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға бағытталған стратегиялық қадам.

Осы мемлекеттік саясат аясында 2024 жылы «Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы» құрылып, өңірдегі білім беру ұйымдарын цифрлық дамыту ісінің негізгі үйлестіруші орталығына айналды. Орталықтың қызметі ҚР Оқуағарту министрлігі айқындаған басым бағыттарға сәйкес жүзеге асырылады. Негізгі мақсат – білім беру ұйымдарының ақпараттандыру деңгейін арттыру, цифрлық инфрақұрылымды дамыту және ақпараттық жүйелердің тұрақты әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету.

Орталық бірнеше стратегиялық бөлімдерден тұрады:

ақпараттық-әдістемелік бөлім – педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыруға, білім беру ұйымдарына әдістемелік қолдау көрсетуге және цифрлық білім беру ресурстарын енгізуге бағытталған. Сонымен қатар жасанды интеллект құралдарын оқу процесіне бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлейді;

медиа және аналитикалық талдау бөлімі – білім беру ұйымдарының қызметін деректер негізінде талдап, басқарушылық шешім қабылдауға ықпал етеді. Жасанды интеллект негізіндегі талдау құралдарын қолдану арқылы білім сапасын бағалау және болжау жұмыстары жетілдіріледі;

техникалық қауіпсіздік және сүйемелдеу бөлімі – ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, киберқауіпсіздік талаптарының сақталуын қадағалайды. Бұл бөлім деректерді қорғау, серверлік инфрақұрылымды қолдау, интернет жылдамдығын арттыру және цифрлық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытында қызмет атқарады;

құрылыс және жобалау бөлімі – білім беру нысандарын заманауи цифрлық стандарттарға сәйкес жабдықтау, инфрақұрылымды жаңғырту және «ақылды» технологияларды енгізу жұмысын жүзеге асырады.

Орталықтың кешенді жұмысы білім беру жүйесін цифрландырудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде басқару процестері аутоматтандырылып, қағазбастылық азаяды, деректердің нақтылығы мен қолжетімділігі артады.

«Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы» – өңірдегі білім беру жүйесінің цифрлық даму тірегі. 2026 жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» болып жарияланауы орталық жұмысының өзектілігін арттырып, білім беру саласында инновациялық жобаларды іске асыруға жаңа серпін береді.

BrainCheck: Ой мен білім лабиринті

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, ақпаратты талдау және жылдам шешім қабылдау дағдыларын дамыту ерекше маңызға ие. Осы бағытта ұйымдастырылған «BrainCheck» миға шабуыл жобасы – білім мен технологияны ұштастыра отырып, оқырмандардың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға арналған заманауи бастама. Жоба «SmartQuest» форматында өтіп, қатысушыларды білім лабиринтінен өтуге жетеледі.

Осы жоба аясында Ақсай қаласындағы №4 жалпы білім беретін мектепте 8-сынып оқушыларының қатысуымен мазмұнды әрі тартымды интеллектуалдық іс-шара өтті. «Ой мен білім лабиринті» атауымен өткен бұл сайыс оқушылардың логикалық ойлауын, ақпараттық сауатын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды.

Іс-шара барысында қатысушылар екі командаға бөлініп, бірнеше кезең бойынша өз білімдерін сынады. «Brain Start» блиц-сұрақтар бөлімінде оқушылар жылдам әрі нақты жауап беруге дағдыланса, «Ақпарат детективтері» кезеңінде ақпараттың шынайылығын анықтау арқылы сыни ойлау қабілеттерін көрсетті. Ал «Ауторды тап» бөлімі әдеби білімдерін тереңдетуге мүмкіндік берді. «Кітаптан экранға» кезеңінде оқушылар көркем шығарма мен оның фильмдік нұсқасын салыстырып, өз ойларын дәлелді түрде жеткізе білді. «Логика лабиринті» кезеңінде түрлі логикалық тапсырмаларды шешу арқылы зейін мен ой ұшқырлығын танытса, «BrainStorm Lab» бөлімінде креативті идеяларын ұсынып, болашақ кітапхананың жаңа моделін ұсынды.

Жоба барысында оқушылар ақпаратты іздеу, талдау, салыстыру және дәлелдеу дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, топпен жұмыс істеу мәдениетін де қалыптастырды. Бұл өз кезегінде олардың коммуникациялық қабілеттерін дамытуға оң әсер етті.

Қорытынды бөлімде қатысушы командалар «Білім навигаторлары» және «Интеллект шыңы» арнайы аталымдарымен марапатталып, оқушылардың белсенділігі мен білімге деген қызығушылығы жоғары бағаланды.

Аталған іс-шара – мектеп қабырғасында ұйымдастырылған білім мен ойынның үйлесімді үлгісі. «BrainCheck» жобасы оқушылардың интеллектуалдық дамуына серпін беріп қана қоймай, оларды заманауи ақпараттық қоғам талаптарына бейімдеудің тиімді құралы екендігін көрсетті.

Әйгерім ГАБДУЛЛИНА, орталық аудандық кітапхана меңгерушісі, «BrainCheck» миға шабуыл жобасының жетекшісі, Бөрлі ауданы

Вокзал басшысы — мысық

Жапонияның Киси стансасында Ёнтама деген мысық ресми түрде вокзалдың жаңа басшысы атанды. Kaz.zakon.kz-тің жазуынша, биыл 7 қаңтарда оны салтанатты түрде таныстырып, арнайы медальон табыстаған.

Ёнтама былтыр қараша айында қайтыс болған станса басшысы Нитамудың орнын басты. «Басшының» міндеттері – жолаушыларды қарсы алу, түрлі іс-шараларға қатысу және стансада жағымды атмосфера қалыптастыру. Сондай-ақ оның екі орынбасары бар.

Бұл дәстүр 2007 жылы Тама есімді мысықтан басталған. Ол әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристердің қызығушылығын оятып, өңірге 1,1 млрд жапон иенін тартуға сеп болды. Осылайша ескіріп тұрған шағын теміржол тармағын қалпына келтіруге көмектескен.

Тауды тесіп, жол салған

Үндістанның шалғайында орналасқан Бихар штатындағы Гехлор ауылында XX ғасырдың ортасында аурухана болмаған. Бір қызығы, ең жақын медициналық мекеме жақын жерде орналасқанмен, ауыл мен мекеменің арасын Гехлор Ганж деген тау жотасы бөліп тұрған. Гая қаласына айналып бару тұрғындардың көп уақытын алды. Олар көлікпен немесе жаяу 70 шақырым жол жүруге мәжбүр болды. Әрине, тұрғындар штаттың әкімшілігінен ауруханаға тікелей жол салуды сұрап, шағымданған. Бірақ шенеуніктер уақыт созған немесе мұндай жұмысты істеуге бюджеттің қалтасы көтермейтінін айтқан.

www.homsk.com-ның дерегінше, Дашрат Манджи 1934 жылы осы ауылда қарапайым отбасында дүниеге келген. Білім ала алмаған ол фермер болады. Бала кезінен егістіктерде жұмыс істеуге және тасты топырақты өңдеуді үйренген. Ол Фалгуни Деви есімді қызға үйленіп, жеке шаруашылықтарын жүргізе бастайды.

Алайда жас жұбайлардың бақыты ұзаққа созылмады. Фалгуни қатты сырқаттанып, білікті дәрігерлердің көмегіне мұқтаж болады. Дашрат жедел жәрдем шақырды, бірақ дәрігерлер ауылға жеткенше келіншегі көз жұмады.

Қатты қайғырған жігіт сол сәтте енді өз ауылында ешкім екі ортада тұрған таудың кесірінен өлмейді деп ант береді. Қарапайым ғана темір құралдарды алып, жалғыз өзі таудан тікелей жол салуға кіріседі.

Дашрат бастаған бұл ісін жиырма жылдан соң аяқтады. Ол 1960 жылдан 1982 жылға дейін жартастан ұзындығы 110 метр, ені шамамен тоғыз метр болатын өткелді ойып жасады. Кей жерлерде жартасты жеті метр тереңдікке дейін оюға тура келген. Осылайша жақын қалаға апаратын тіке жолдың ұзындығы жетпіс емес, бір шақырым болды.

Дашрат Манджи алғашында жергілікті жерде танымал тұлға болып, кейін атағы бүкіл Үндістанға тараған батырға айналды. Ол туралы бірнеше кітап жазылып, 2015 жылы «Манджи – тау адамы» деген фильм түсірілді. Алайда батырдың өзі премьераны көріп үлгермеді. Дашрат 2007 жылы 73 жасында қатерлі ісіктен қайтыс болған. Бірнеше жылдан кейін ол салған жолға асфальт төселген. Жергілікті тұрғындар оны «Дашрат жолы» деп атайды. Осы жолмен күнде жүретін адамдар жалғыз өзі тауды бағындырған адамға күн сайын алғыс айтады.

Жеті рет апаттан аман қалған

Әлемдегі ең жолы болғыш адамның есімі – Фране Селак. Оның дүниеге келуінің өзі ерекше. Шетелдік басылым www.techinsider.ru-дың жазуынша, 1929 жылы Хорватиядағы Дубровник пен Локрум аралының арасында жүзіп бара жатқанда қайықта дүние есігін ашқан нәрестенің кіндігін әкесі балықшы пышағымен кесіп, оны теңіз суына шомылдырыпты.

Фране Селак бала кезінде жиі ауырған. Кейде ішек инфекциясын жұқтырған, тіпті көру қабілетінен айырылу қаупі де туындаған. Алайда оның иммундық жүйесінің осы қиындықтарды жеңуі оның болашақтағы табысының белгісі болғандай. Франенің 33 жасқа дейінгі өмірі тыныш өтіпті. Музыка мектебін бітіріп, балалар хорының директоры болып жұмыс істеген. Отбасында шат-шадыман күй кешкен. Бірақ содан кейін қайта-қайта қауіп төніп, жеті қорқынышты апаттан құтылған.

Селак 1962 жылдың қаңтарында өліммен бетпе-бет келеді. Суық жаңбырлы күні каньоннан өтіп бара жатқан пойыз рельстен шығып, өзенге құлайды. Апаттан он жеті адам қаза тапқан. Қолын сындырып алған Фране Селак аман қалады. Ол 1963 жылы алғаш рет ұшаққа отырады. Науқастанып жатқан анасына бармақ болады. Алайда Загребтен Риекаға ұшатын жақын күндердегі чартерлік рейске билеттердің сатылып кеткенін біледі. Селак әуе компаниясымен әрең келісімге келіп, ұшақтың артқы жағында бортсеріктің қасында отыруға рұқсат алады. Ұшу сәтті өтеді. Алайда қонуға аз қалғанда әуе кемесінің есігі кенеттен ашылып кетіп, ол шөмеленген шөптің үстіне құлайды. Басқа жолаушылар ұшақпен бірге апатқа ұшырайды. Жалғыз өзі аман қалады. 1966 жылы ол Сплитке аутобуспен бара жатқанда жүргізуші рульге ие бола алмай, аутобус өзенге құлайды. Төрт жолаушы суға батып кетеді, ал Селак аздаған дене жарақатымен жағаға жүзіп шығады. Келесі оқиға 1970 жылы болған. Фране көлігімен бара жатқанда жанармай бағында кенеттен өрт шығады. Ол көліктен секіріп түсіп, санаулы сәтте аулақ қашып үлгереді. Себебі көлігі жарылады. 1973 жылы да осындай апатқа ұшырайды. Көлігінің қозғалтқышы істен шығып, өртенеді. Салонның ішін жалын шарпи бастағанда сыртқа шығып үлгереді. Бұл апатта шашы күйіп, жеңіл жарақат алады. Осыдан соң 22 жыл бойы ешқандай оқиға кезікпей, тыныш өмір сүреді. Тек 1995 жылы серуендеп жүргенде оқыс жайтқа тап болады. Хорватиялықты аутобус қағып кетіп, жеңіл жарақаттар алады. Соңғы рет 1996 жылы көлік оқиғасы болды. Тау жолындағы бұрылыста ол жүк көлігімен бетпе-бет келіп қалған, соқтығысып қалмас үшін бұрылғанда қоршауға соғылады. Соққының қатты болғаны сондай көліктен шығып, өсіп тұрған ағаштың үстіне түседі. Ағаш бұтағына ілініп тұрған ол көлігінің 100 метр биіктіктен қалай құлап бара жатқанын көреді.

Фране Селак басынан өткерген барлық қиындыққа қатысты былай деген екен: «Бұл оқиғаларды екі жақты қарастыруға болады. Мен әлемдегі ең бақытсыз немесе ең бақытты адам болдым. Мен соңғысына сендім. Тек енді ешқандай апаттар болмайтынын білемін. Енді мен өмірімнен ләззат аламын. Мен қайта туғандай сезінемін. Құдай мені осы жылдар бойы бақылап келеді. Мені қинаған шайтан басқа біреуді азаптау үшін көшіп кетті».

Қиын кезеңдерді артта қалдырған азаматқа өмір ерекше марапат тарту еткен. 73 жасқа толуына екі күн қалғанда Фране Селак лотереядан бір миллион доллар ұтқан. Бұл ақшаға үй, қайық және жаңа көлік сатып алады. Ол 87 жасында дүниеден өткен.

Актерді есейткен түн

Асқарәлі екеуміз мектепке бір шалбар мен бір тонды кезектесіп киеміз. Олардың өзі ескі. Мен түске дейін оқыдым. Сабақ біте салысымен ештеңеге қарамастан, екі өкпемді қолыма ұстап үйге қарай жүгіретінмін. Артық ойын деген жоқ. Өйткені киім ауыстырып үлгеруіміз керек, Асқарәлі сабақтан кешікпеуі қажет. Үстімізде шалбар мен тон болғанымен, сабаққа жалаң аяқ баратынбыз.

Біз ғана емес, ол уақытта ауылдағы көп баланың аяқ киімі жоқ болатын. Бәтеңкені қыста ғана киеміз, көктем, жаз, күз бойы жалаң аяқпыз. Аяғың қап-қара күс, жарылып кеткені соншалық – табаныңнан тікен де өтпейді. Нақты есімде жоқ, алтыншы немесе жетінші сыныпта оқитын кезім еді. Күздің соңғы күндерінің бірі болатын. Аяқ киім киетін шақ жақындап қалған. Сол күні етігімді аядым ба, білмеймін, «бүгін қар жаумайтын сияқты, жалаң аяқ баруға болады» дедім де, мектепке тартып кеттім. Қырсыққанда сол күні қар жауып кетті. Жауғанда да қалың болып басып қалды.

Жалаң аяқ балалардың бірін атасы, бірін апасы, енді бірін әкесі, тағы бірін шешесі әкетіп жатты. Мен жалғыз қалдым, іздеп келетін ешкім болмады. Ол уақытта шешем Новосібірге қарағай кесуге кеткен. Алтынкүл шешемнің мені іздеп келуге жағдайы болмады. Ауыл мен мектептің арасы кәдімгідей қашық болатын. Өзім жалаң аяқ кетсем, аяғымды үсітіп алатынымды жақсы білдім. Сөйтіп мектепте жалғыздан-жалғыз қала бердім. Сөйтіп, тастай суық әрі қараңғы мектептің ішінде жалғыз қалдым.

Далада да қою түн. Бұрыштағы партаның үстінде бүрісіп, жылап отырмын. Бірақ даусымды шығаруға қорқамын, бір артық қимыл жасамаймын. Өйткені сәл қимылдап қойсам, парта да сықырлап кетеді. Оның даусын естіп, жан-жақтан шайтандар жүгіріп келетіндей әсердемін. Оларға «мұнда адам барын білдірмеуім керек» деп өз-өзімнен қорқып отырамын. Көзіме неше түрлі нәрсе елестейді. Ұйқы қашқан, таңға дейін көз ілмедім. Адам баласының бойында қандай сезімдер болса, сол түн менің бар сезімімнің оянған түні болды. Қысқасы, бұл менің өмірімдегі ең азапты түн болды. Бұл түн – бір ғасырға тең болды. Алайда осы түн мені қатты есейтіп жіберді. Ойламаған нәрсем жоқ, әкемді сағындым, шешеме жаным ашыды, өзімнің әлсіздігіме налыдым. Әйтсе де болашаққа үміт арттым. Бәрінен бұрын әдемі, жаңа аяқ киім киетін күнімді көз алдыма елестетіп, қатты армандадым. (arasha.kz сайты, театр және кино актері, режиссер Асанәлі Әшімовтің естелігінен).

Бет материалдарын дайындаған Ясипа РАБАЕВА, «Орал өңірі»

Дроппер төңірегіндегі дүрбелең

Облыста дропперлерді ақшаны жылыстатуға пайдаланған ірі қылмыстық топ ұсталғаны белгілі. Қаржы мониторингі агенттігі күдіктінің атын атады.

«Күдікті Вейднер Т. Е. алаяқтықпен алынған қаражатты үшінші тұлғалардың шоттары арқылы аударып, қолмақол ақшаға айналдыруға бағытталған схеманы әзірлеп үйлестірген», – деп хабарлады ҚМА баспасөз қызметі.

Осы қызмет үшін дропперлерге 200-ден 350 АҚШ долларын төлеп отырған.

Оралдағы студенттің бірі алдап-арбау жолымен адамдарды сан соқтырған жымысқы әрекетті әшкерелеуге себепкер болды. Оның 2025 жылдың қазан айында ашылған банк картасын күдіктілер қаражатты шетел асыруға қолданып отырған.

«Шот иесі заңсыз іс жасап жүргенін түсінген соң, өз еркімен құқық қорғау құрылымдарына жүгініп, соның нәтижесінде қаржы операцияларын дер кезінде шектеуге мүмкіндік туған.

Шоттар бұғатталғаннан кейін күдікті мен оның сыбайластары жәбірленушіге қысым көрсетіп, банк қосымшаларын қайтадан верификациялауды талап еткен», – деп түсіндіреді ресми құрылым.

Қылмыстық топтың шектен шыққаны сондай – студентті пәтерде заңсыз ұстап, қоқан-лоқы көрсеткен. Ұялы телефонын ломбардқа өткізіп, оның ақшасын өзара бөліске салған.

Оның шотындағы шектеуді алып тастау үшін күдіктілер банкке дейін бірге барған, әкімшілік құрылымдарға жолыққан кезде де қасында болған.

ҚМА БҚО департаментінің операциясы арқасында схема ұйымдастырушысы қамауға алынды, ал оның алты сыбайласына қатысты кепіл алу және елден шықпау түрінде бұлтартпау шаралары қолданылды.

Нұртай АЛТАЙҰЛЫ,
«Орал өңірі»

«Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалы су тұтынушыларға Шаған су қоймасының гидротехникалық сүйеу құрылыстарының көмегімен жер үстіндегі ағынды суды реттеу қызметіне бұған дейін бекітілген тарифтің өзгеретіндігін хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің 2026 жылғы 27 наурыздағы № 90-НҚ бұйрығына сәйкес Шаған су қоймасының гидротехникалық сүйеу құрылыстарының көмегімен жер үстіндегі ағынды суды реттеу қызметі бойынша тариф өзгертілді және 2026 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіле отырып, ҚҚС-сыз 4,32 теңгені құрайды.

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК Батыс Қазақстан филиалы тұтынушылардың назарына бұрын бекітілген каналдар арқылы су беру қызметіне арналған тарифтің өзгеретінін хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің 2026 жылғы 27 наурыздағы №93-НҚ бұйрығына сәйкес, каналдар арқылы су беру қызметіне арналған тарифі өзгертіліп, 2026 жылғы 1 сәуірден бастап төменде көрсетілген кестеге сәйкес қолданысқа енгізіледі.

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
	Орташа босату тарифі	**теңге/м³**	**6,017**	**7,152**	**7,458**
1.	**Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілер**				
1.1	суды механикаландырылған тәсілмен беру	теңге/м³	59,82	71,10	74,15
1.2	өздігінен су беру	теңге/м³	1,56	1,86	1,94
2.	**Су каналдары, бюджеттік ұйымдар**				
1.1	суды механикаландырылған тәсілмен беру	теңге/м³	46,92	55,77	58,16
1.2	өздігінен су беру	теңге/м³	1,76	2,10	2,18
3.	**Электр энергиясын өндіруші кәсіпорындар**				
1.1	суды механикаландырылған тәсілмен беру	теңге/м³	103,11	122,55	127,80
1.2	өздігінен су беру	теңге/м³	0,92	1,09	1,14
4.	**Су жіберу**				
1.1	суды механикаландырылған тәсілмен беру	теңге/м³	72,58	86,26	89,96
1.2	өздігінен су беру	теңге/м³	1,82	2,16	2,25
5.	**Өнеркәсіптік кәсіпорындар, басқа да коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар**				
1.1	суды механикаландырылған тәсілмен беру	теңге/м³	147,96	175,86	183,40
1.2	өздігінен су беру	теңге/м³	12,24	14,54	15,17

АЙДЫҢ-КҮННІҢ АМАНЫНДА үш оқушы жарақат алды

Сейсенбі күні түстен кейін Подстепный кентінде жол-көлік оқиғасы тіркеліп, жүртшылықтың алаңдаушылығын туғызды. Трассада қоғамдық көлік пен мектеп аутобосы түйісті.

Облыстық полиция департаментінің мәліметтеріне сүйенсек, Самара – Шымкент республикалық аутожолы бойымен жүріп келе жатқан №12 маршрут аутобосы алда тоқтап тұрған аутобосқа соқтығысқан. Соққының күшімен мектеп аутобосы алдыңғы көлікке соғылған. Оқиға салдарынан жолаушылар зардап шеккен, олардың ішінде балалар да бар. Барлық зардап шеккендерге дер кезінде медициналық көмек көрсетілді.

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, Теректі ауданындағы Подстепный №2 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары «L723 AJ 07» мемлекеттік нөмірлі «Yutong» аутобосы арқылы үйлеріне қатынайды. Маршрут – Жарқын және Тоқпай ауылдарынан Подстепный кентіндегі мектептерге дейін және кері бағытты қамтиды.

Нақты деректерге сәйкес, жол-көлік оқиғасы 31 наурыз күні сағат 13:30 шамасында болған. Мектеп аутобосының жүргізушісі №2 мектептен 20 оқушыны алып шыққаннан кейін бағдаршамның қызыл түсіне тоқтайды. Дәл осы сәтте артынан №12 маршрут аутобосы келіп түйеді.

«Жедел жәрдем» бригадасы оқиға орнына уақтылы жетіп, барлық оқушы жарақатты емдеу пунктіне жеткізілді. Аутобоста болған 20 оқушының 17-сі тексеруден кейін үйлеріне қайтарылса, 3 оқушы орташа деңгейдегі жарақат алған.

Полиция департаментінің мәліметі бойынша қылмыстық іс қозғалып, маршруттық аутобос жүргізушісі уақытша ұстау абақтысына қамалды. Қазіргі уақытта полиция қызметкерлері оқиғаның мән-жайын егжей-тегжейлі анықтауда.

Гүлжан ҒАЛЫМ,
Орал қаласы

«Жайық Пресс» ЖШС мен «Орал өңірі» газеті редакциясының ұжымы әріптесіміз Ренат Памирұлы Күсеновке аяулы анасы

Асылғаным Құлмырзақызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №KZ49VPY00070442 куәлігі берілген
zhaikpress.kz

«ORAL ÓŃIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС
Бас директор Дархан ОРАЗОВ
Редакция алқасы:
Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН
Нұртай ТЕКЕБАЕВ,
Гүлсезім БИЯШЕВА
(бас редактордың орынбасарлары)
Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.
Бас редактор 51-25-80.
Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.
Жауапты хатшы 54-38-22.
Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.
Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óńiri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2.
Телефон: 8 (7132) 400-400, 8(7132) 545-545.
Индексі: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 9190
4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА, А. ШОҢЫРАЕВА**
Кезекші редактор: **Г. ҚОЛҒАНАТОВА**

АТЫРАУ мен ОРАЛДЫ

тел емген ұл

Қадыр Мырза Әли атындағы мәдениет және өнер орталығында белгілі айтыскер ақын, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Атырау облысына қарасты Қызылқоға ауданының құрметті азаматы Шалқарбай Ізбасаровпен «Ауылдан Алматыға дейін...» атты кездесу өтті. Іс-шара барысында Ақ Жайық жұртшылығына ақынның «Шабытты шақтар» атты екі томдық айтыстар жинағы таныстырылды.

Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»

Мәди САЛЫҚ

Бұл кездесуге Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық академиялық филармониясының директоры, ақын Бауыржан Халиолла, облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Тілекқабыл Ғабдошев, Қазақстан Жазушылар одағының БҚО бойынша өкілі Дариға Мұштанова қатысты. Сондай-ақ жергілікті ақын-жазушылар, студенттер мен айтыс жанашырлары болды. Алдымен іс-шарада көпшілікке айтулы айтыс ақынының өмірі мен шығармашылығын баян еткен бейнеролик ұсынылды.

Шалқарбай Ізбасаров 1989 жылы Атырау облысының Қызылқоға ауданына қарасты Тайсойған ауылында өмірге келген. Әкесі Сайлаубай қырда мал баққан азамат болса да, көркем әдеби шығармаларды оқуға құштар екен. Ауылда әже тәрбиесімен сусындап, мейіріміне бөленген бала Шалқарбай кішкентайынан кітапты жанына серік еткен. Оның кітап оқуға деген ынтапейілінің артуына жоғарыда айтқан кітапқұмар асқар тау әкесі себепкер. Осылайша, ол оқушы кезінде Қазақстан тарихы, Қазақ әдебиеті пәндері бойынша олимпиадаларға қатысып, облыстық және республикалық деңгейдегі білім додаларында жүлделі болды. Ұлттық бірыңғай тестілеуде де жоғары ұпай жинап, жұлдызы жарқырай түсті. Сөйтіп, 2006 жылы Х. Досмұхамедов атындағы университеттің филология факультетіне оқуға түседі. Осында айтыста «айым оңынан туса ғой» деген бала арманына қанат бітеді.

Сайлаубайұлының жүрегіне жыр ұялатып, айтыс өнерінің отын маздатқан ұстазы – Мәлік Ахметов. Оның айтуынша, Шалқарбай 6-7-сынып оқып жүргенде-ақ өзі өлең жазып, аудандық айтыстарға қатысқан. Алайда жаңбыр жауса, Тайсойғанның халқын әбігерге салатын жол қатынасы жас өренді талай айтыстан қалдырыпты. Ондайда ұстазы Ахметов шәкіртін дүкенге жетектеп, тәттілер әперіп, түскен көңілін қайта марқайтатын көрінеді.

Ізбасаров студент шағында Атырау облысында өткен айтыстарда топ жарып, табаны Алматыға тиеді. Қағытпа қалжыңымен, жалынды жырымен көрермен жүрегіне жол тауып, өнерімен көптің ықыласына бөленеді. 2015 жылы «Алтын домбыра» айтысында айтқан жыр-шумақтары айтыссүйер ағайынның әлі де есінде. 2017 жылы «Қайта жаңғырған Қазақстан» атты халықаралық айтыста бас бәйгені жеңіп алып, Атырау облысының тарихында қалады. Содан бері оның есімі Жүрсіннің жүйріктерінің қатарында.

Аталмыш іс-шараға арнайы қатысқан Тілекқабыл Александрұлы ақжарма тілегін айтып, ақынға басқарма басшысы Қуанышбек Мұханғалиевтің алғысхатын табыстап, иығына шапан жапты. Одан кейін бұл іс-шара сырлы сұхбатқа ұласып, Шалқарбай Сайлаубайұлы әңгіме тиегін ағытты. Ол өзін Атырау мен Оралға ортақ ұлмын деп ағынан жарылды. Себебі Ақ Жайық өңіріндегі жақсылар мен жайсаңдар оны жандарына жақын тұтып, шығармашылық тұрғыда шыңдалуына сеп болған.

– Мен Оралда жиі боламын. Бұл қаладағы ақындармен шығармашылық байланысымды үзбей, осында талай жыр бәйгесінде жүлделі болдым. 2013 жылы Оралдағы айтысқа алғаш қатысқан едім. Суырған жеребе бойынша нәзікжанмен сахнаға шығып, әзілмен өзімше жыр өрнегін өргенмін. Айтыс сахнасында енді ғана танылып келе жатқан жас ақынның әттеген-ай тұсы да болары даусыз. Сонда жыр тартысына куә болған Мұштанова Дариға апай сынескертпелерін айтқан болатын. Айтыстарға шыққанда Дариға апайдың сол ақыл-кеңесін әлі күнге назарда ұстаймын.

Айтыстың қайқы қылышы Бауыржан Халиолла Оралда өтетін барлық айтыстан мені қалдырмайтын. Ағамның қамқор көңілінің нәтижесінде Ақ Жайық ақындарымен арқа-жарқа басқосуларда болып, осы ортада буыным бекіді. Орал айтыскерлерінің ақындық әлеуеті аса жоғары. Олармен сахнада қарсылас болсам да, былайғы уақыттарда шаңырақтарында құтты қонақ болып, дастарқандарынан талай дәм таттым. «Шабытты шақтар» атты екі томдық айтыстар жинағымның жарық көруіне Бауыржан Ергенұлы сеп болды. Орал шәріндегі «Бейбарыс» баспасына бірауыз сөз айтып, жәрдемдесіп, сыртқы мұқабасын жасауды да өз мойнына алды. Сөйтіп, ақын досым әрі талантты баспагер Мейрамбек Сұлтанов жинақты қаттады. Ал бүгін мен туралы деректі бейнероликті қазір киелі Қадыр орталығын басқарып отырған досым Талғат Мықи дайындады. Содан кейін Атырау қаласында қос жинағымның тұсауын кестік. Одан соң Сырым ауданында кездесу ұйымдастырылып, Жымпиты жұртшылығының алдынан өтіп, алғысын алдым. Жақында еліміздің бас қаласы Астана шаһарында да жинақ таныстырылымы жоғары деңгейде жалғасын тапты. Қазіргі таңда Қырғызстан мен еліміздің Алматы қаласында кездесу ұйымдастыруды көздеп отырмыз.

– Сонау бір кезде сырқаттанып, үш-төрт жыл айтыстан қол үзуге тура келді. Мықты деген медициналық орталықтардың табалдырығын тоздырсам да, дертіме шипа табу қиынға түсті. Шыбын жанымды шүберекке түйіп жүргенде Асланбек досымды Алматыдан жолықтырдым. Бауыржан ағай Пәкөнтай деп еркелететін осы жігіт «Оралда мықты маман бар, сырқатыңа дауа тапса, сол кісі тауып береді. Бірақ ол кісінің емделушілері ұзын сонар кезекке тұрады. Мен сені апарып, жолықтырайын» деді. Облыстық ауруханаға келіп Людмила Варшавская деген дәрігерге көріндік. Ол кісі маған ем-шара жасаған соң, қазір дертімнен құлан-таза айықтым. Бұл менің Орал мен оның адамдарына деген құрметімді, махаббатымды арттырды, – деді Шалқарбай ақын.

Содан кейін сөз кезегі Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық академиялық филармониясының директоры, ақын Бауыржан Халиоллаға берілді. Ол айтыскердің адамгершілік болмысы мен ақындығына кеңінен тоқталды. Өнердегі інісіне ілтипат білдіріп, Шалқарбайдың есімі мен «Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық академиялық филармониясы» деген жазуы бар домбыра пішіндес сағатты сыйға тартты. Кездесу барысында Шалқарбай Ізбасаров сөзін жазған әндер шырқалды. Бұл тартымды туындыларды оралдық жас ақын-сазгер Әділ Ахметов нақышына келтіре шырқады. Сайлаубайұлы жазба ақындықта да маңдайы жарқыраған жан. Ол оқыған өлеңдер жырсүйер жұртшылықты сүйсінтіп, түрлі сезімдерге жетеледі. Әсіресе, Шалқарбай ақынның марқұм әкесіне арнаған мына бір өлеңі:

Өсіргенмен аты мәлім
ұлды әкем,
Тыңдаған жоқ өзім
жазған жырды әкем.
Балаларым ел алдында
жүрсін деп,
Өмір бойы мал артында
жүрді әкем, – деп көпшілікке ой салып, тебірентті.

2016 жылы Шалқарбай Ізбасаров қызылқоғалық Айнұр арумен шаңырақ көтеріп, қазір үш перзентті тәрбиелеп өсіруде. Еңбек жолында да биік белестерге жетіп, 2025 жылдан бастап Атырау облысындағы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшысы болып қызмет атқарып жүр.

Жарнама мәселелері бойынша 51-51-09 телефонына хабарласып, zhaikpress-reklama@mail.ru эл. поштасына хат жолдай аласыз.